



Газет 1932 жылдан
бастап шығады

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІ – ӘКІМ НАЗАРЫНДА

6-7 қараша күндері аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы тұрғындармен тұрақты кездесулерін Бозой, Айдарлы, Сарытауқұм, Үлкен ауылдық округтерінде бастады. Бұл кездесудің басты мақсаты – аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін тыңдап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында айқындалған міндеттерді жергілікті деңгейде іске асыру болып табылады.

Аудан әкімі өз сөзінде басты назар халықтың өмір сапасын арттыру, әкімдік жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету және тұрғындармен тұрақты байланыс орнату екенін атап өтті. Бозой, Айдарлы, Сарытауқұм және Үлкен ауылдық округтерінде өткен кездесулер барысында тұрғындардың өтініштері тыңдалып, нақты тапсырмалар берілді.

Бозой ауылдық округінде ауыл шаруашылығын дамыту мен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелері қаралды. Мұнда ауыл тұрғындарын сумен қамтамасыз ету және суармалы жерлерді тиімді пайдалану бағытында маңызды жобалар іске асуда. 2024 жылы Бозой өңіріндегі «Р4» ішкі шаруашылық каналына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2025 жылы жобаға қосымша 500 млн теңге бөлінбек. Бұл жұмыстар толығымен аяқталған соң, аудан бойынша 22,7 мың гектар суармалы жер толық айналымға енгізіліп, көкөніс, дәнді дақыл және мал азығын өндіру көлемі артады. Сонымен қатар, Бозой ауылдық округінде 3,8 гектар жер ортақ жайылымға, 40 гектар жер егістік алқапқа берілді.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында Бозой тұрғындары жеңілдетілген несие алып, кәсіпкерлікті дамытуда. Жеке кәсіпкерлер Дәулет, Серік, Бауыржан және Азамат жалпы сомасы 23,6 мың теңгеге несие алып, сүтті және етті бағыттағы мал шаруашылығын өркендетіп келеді. Ал ауыл тұрғыны Серікбай Сәуле мемлекеттік грант алып, өз мамандығы бойынша «Косметология» орталығын ашып, халыққа қызмет көрсетуде.

Айдарлы мен Ащысу ауылдарында да әлеуметтік инфрақұрылым жүйелі түрде



жаңарып келеді. Ащысу орта мектебіне дәретхана орнатылып, терезелері ауыстырылды және пандус қойылды. Сонымен қатар, Айдарлы, Ащысу және Үлкен ауылдарында ауылшілік жолдар жөнделіп, ауыз су жүйесі жаңартылды, балалар мен спорт алаңдары орнатылды. Денсаулық сақтау саласы бойынша Ащысу ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт, Айдарлы ауылында дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта Бозой, Қарасай, Шилібастау және өзге де ауылдарда медициналық нысандардың құрылысы жалғасуда.

Үлкен ауылдық округінде өткен кездесуде ауыл шаруашылығын дамыту, жер пайдалану және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері көтерілді. Аудан әкімі Н.Ертасұлы өз сөзінде: «Аудан аумағында ауыл шаруашылығына арналған 1,47 млн гектар жер бар, ал жалпы мал басы 1 млн 811 мыңнан асты. 2023–2025 жылдары 60,3 мың гектар пайдаланылмай жатқан жер мемлекет меншігіне қайтарылып, оның 29,2 мың гектары ортақ жайылымға, 21,9 мың гектары қайта айналымға енгізілді.

Ауданда кәсіпкерлікті дамыту мен жұмыспен қамтуды арттыру бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. «Еңбек» және «Ауыл Аманаты» бағдарламалары аясында 8537 жаңа жұмыс орны ашылып, оның 7519-ы нақты іске асқан. 32 азаматқа жалпы сомасы 50,3 млн теңге мемлекеттік грант берілген.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы 2009 жылдан бері 1502 жас маманға 383 млн



теңге көтерме жәрдемақы, 610 жас маманға 2 млрд 689 млн теңге тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдетілген несие берілді. 2025 жылы бұл бағыттағы қолдау жалғасып, 34 жас маманға тұрғын үй алуға 304,7 млн теңге және 140 маманға көтерме жәрдемақы алуға 55 млн теңге бөлінді.

Аудандағы 61 елді мекеннің 60-ы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған, бұл 98,4 пайызды құрайды. Халық санының өсуіне байланысты жаңа тұрғын үй массивтері бөй көтеріп, олардың ауыз сумен қамту деңгейі 80,2 пайызға жетті. Сонымен қатар, соңғы жылдары 9 ауылды газдандыруға 8,9 млрд теңге бөлініп, 3 мыңнан астам аула табиғи газға қосылды. Жыл соңына дейін тағы үш ауыл – Таңбалытас, Аркарлы және Шилібастау – газбен қамтылып, көрсеткіш 72 пайыздан 95 пайызға дейін көтеріледі деп жоспарлануда.

Аудандық маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығы 915 шақырым болса, оның 581 шақырымы қанағаттанарлық жағдайда. Жол жөндеу және инфрақұрылымды дамыту мәселелері де кезең-кезеңімен шешілуде. Қазіргі және болашақта жүзеге асырылатын барлық жұмыстардың басты мақсаты – аудан халқының әлеуметтік-тұрмыс деңгейін көтеру. Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын ұстанып, тұрғындар көтерген мәселелерге жедел әрі тиімді жауап беруді жалғастырамыз», – деді. Бұдан соң аудан басшысы Үлкен елді мекеніндегі тұрғындардың барлық ұсыныстарын мұқият тыңдап, тиісті бөлімдерге нақты тапсырмалар берді.

Әкімнің халықпен кездесулері алдағы уақытта да жалғасып, тұрғындармен тікелей диалог арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізілмек.

Тұрсынжан ТОҚТАСЫН



Бірлікке бастар басқосу

Жуырда аудандық кітапханада «Қазақстан халқы Ассамблеясы – халық бірлігінің символы» тақырыбында аудандық деңгейде маңызды шара өтті. Іс-шараны «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ-нің Жамбыл аудандық филиалы ұйымдастырды.

Жиынға Ақсақалдар кеңесінің төрағалары мен мүшелері, Аналар кеңесі, этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен жастар қатысты.

Шараның негізгі мақсаты – Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлін айқындау, этносаралық келісім мен бірлікті сақтау жолындағы ортақ жетістіктерді қорытындылау, сондай-ақ аудан көлемінде татулық пен өзара сыйластықты насихаттау болды.

Аталмыш шарада алғашқы болып сөз алған «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ-нің Жамбыл аудандық филиалының басшысы Айман Кенженбаева Ассамблеяның ел ішіндегі татулық пен бірлікті нығайтудағы ерекше маңызына тоқталды.

Ол өз сөзінде: – «Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел ішіндегі достық пен тұрақтылықтың тірегі. Бірлік пен татулық – ел дамуының басты кепілі. Сондықтан да бұл құрылымның қызметі еліміздегі қоғамдық келісім мен өзара түсіністікті сақтау жолында ерекше мәнге ие», – деді.

Жиын барысында қатысушыларға аудан аумағында Ассамблея құрылымдарының бір жыл



ішінде атқарған жұмыстары мен іс-шараларын қамтыған бейнеролик көрсетілді.

Келелі кездесуде Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Жұмағалиқызы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Алматы облыстық татар-башқұрт этно-мәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ильдар Юлдабаев, ауданның «Құрметті азаматы», Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Тәңірберген Қасымқынұлы және аудандық мәслихат депутаты, Аналар кеңесінің төрайымы Гүлзира Нұриқызы салиқалы сөз сөйлеп, бірлік пен келісімнің қоғам дамуы үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

Шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында белсенді қызмет атқарып, ауданның қоғамдық өміріне үлес қосқан азаматтарды ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Жұмағалиқызы Алғыс хатпен марапаттап, сыйлықтарын табыс етті.

Содан кейін шара бейбітшілік пен достық мерекесіне арналған концерттік бағдарламаға жалғасты.

«Атамекен-ақпарат».

Жамбыл ауданы әкімінің 2025 жылғы 31 қазандағы № 394 Қаулысы

2023 жылғы 10 шілдедегі
«Мемлекет мұқтажы үшін жер телімін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың, соның ішінде залалдардың орнын толтыру жолымен басталуы туралы»
№ 192 қаулыға өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардың 148-ІІ Заңының 37 бабы 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы 442-ІІ Жер кодексінің 17 бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына сәйкес, жер пайдаланушылардың жер экспликациясы негізінде, «Жамбыл ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 16 қазандағы хатын қарай келе, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 10 шілдедегі №192 қаулысының 1 тармағы мынадай жаңа редакцияда баяндалсын: Кірме жол және автотұрақ орналастыру үшін, Райхан Манаповна Шайнусипованың кадастрлік нөмірі 03-045-203-2703, жалпы көлемі 0,5000 га, Марат Токтасынович Нусипжановтың кадастрлік нөмірі 03-045-203-2702, жалпы көлемі 0,5000 га, Балапан Молдабаевич Кубегеновтың кадастрлік нөмірі 03-045-203-2701, жалпы көлемі 0,5000 га, Марат Токтасынович Нусипжановтың кадастрлік нөмірі 03-045-203-2700, жалпы көлемі 0,5000 га, Алматы облысы, Жамбыл ауданының Қарғалы ауылдық округі аумағында орналасқан жер телімдерін меншік иелерінен және мемлекеттік жер пайдаланушылардан мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылсын, соның ішінде сатып алу және залалдардың орнын толтыру жолымен басталсын.

2. Жамбыл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 136 «Мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың, соның ішінде сатып алу және залалдардың орнын толтыру жолымен басталуы туралы» қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімі

Н.Ертас

Постановление акима Жамбылского района
№ 394 от 31 октября 2025 года

О внесении изменений к постановлению №192 от 10 июля 2023 года «О начале принудительного отчуждения, в том числе путем возмещения убытков земельных участков для государственных нужд»

В соответствии с пунктом 1 статьи 37 Закона Республики Казахстан 148-ІІ от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьи 17 Земельного кодекса Республики Казахстан 442-ІІ от 20 июня 2003 года, главы 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и на основании экспликаций земель пользователей, а также рассмотрев письмо государственного учреждения «Отдел архитектуры и градостроительства Жамбылского района» от 16 октября 2025 года акимат Жамбылского района Алматинской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Пункт 1 постановления №192 от 10 июля 2023 года акимата Жамбылского района изложить в следующей новой редакции: Для размещения подъездной дороги и автостоянки, Райхан Манаповна Шайнусипова кадастровый номер 03-045-203-2703, общая площадь 0,5000 га, Марат Токтасынович Нусипжанов кадастровый номер 03-045-203-2702, общая площадь 0,5000 га, Балапан Молдабаевич Кубегенов кадастровый номер 03-045-203-2701, общая площадь 0,5000 га, и Марат Токтасынович Нусипжанов кадастровый номер 03-045-203-2700, общая площадь 0,5000 га, начать принудительное отчуждение, в том числе путем выкупа и возмещения убытков земельных участков для государственных нужд у собственников и негосударственных землепользователей земельных участков, расположенных на территории Каргалинского сельского округа, Жамбылского района, Алматинской области.

2. Отменить постановление акимата Жамбылского района за № 136 от 25 апреля 2024 года «О начале принудительного отчуждения, в том числе путем выкупа и возмещения убытков земельных участков для государственных нужд».

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жамбылкого района.

Аким района

Н. Ертас

БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті аудан тұрғындары!

Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабардар ететін Жамбыл аудандық «Атамекен» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды.

АТАМЕКЕН

– бүгінгі жаршымыз,
ертеңгі тарихымыз

Атамекен – біздің түп қазығымыз,
Атамекен – рухани азығымыз.
Тіршілігін ауданның нұсқасына, бөлем десең,
Басылымға тартынбай жазылыңыз!



Жеке адамдар үшін «ҚАЗПОЧТА» АҚ тасымалдау қызметін қоса есептегенде бір жылға жазылу құны – **7910,72 теңге**, жарты жылға – **3955,36 теңге** (Индексі 65264.)

Ал зейнеткерлер мен мүгедектер үшін 12 айға жазылу құны – **7410,72 теңгені** құрайды.

Жарты жылға – **3705,36** (Индексі 35264) Газеттің электронды нұсқасына 12 айға жазылу бағасы – **5500 теңге**.

Сіз оны әдетте оқырмандардан бұрын ұялы телефоныңыз немесе компьютеріңіз арқылы сол заматта алып, оқу мүмкіндігіне ие боласыз.

Біздің мекенжайымыз: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақтаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: 2–44–28, 2–44–27. Толығырақ мәлімет алу үшін мына телефонға хабарласыңыз: 8–708–673–93–64, 8–705–666–38–08

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сарапшылар мен қоғам қайраткерлері ішкі саясат саласында жүргізіліп жатқан барлық жұмысты реттейтін бірыңғай тұжырымдамалық құжат әзірлеуді ұсынған еді. Ел Президенті бұл идеяны қолдап, оның мемлекеттік құрылымдар жұмысын жүйелендіруге бағытталуы керек екенін атап өткен болатын.

Президент Әкімшілігі мен мүдделі мемлекеттік органдар Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын, сөйлеген сөздерін, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын негізге ала отырып, «Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» құжатын дайындады.

Тұжырымдамалық құжатты әзірлеуге Ұлттық құрылтайдың мүшелері, сарапшылар, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері белсене атсалысты. Аталған құжат бірінші кезекте мемлекеттік органдарға арналған. Оның басты мақсаты – ішкі саясат саласындағы жұмысты жүйелеу әрі үйлестіру. Онда «Заң және тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Түрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» секілді ішкі саясат қағидаттары қамтылған.

Сондай-ақ Ұлттық құрылтай отырыстарында көтерілген жалпыұлттық құндылықтардың тізбесі енгізілді. Жалпыұлттық бірегейлікті танытатын ұлттық нышандар жүйесі жасалды. Құжатта қоғамдық диалог, этносаралық қатынас, дін, мәдени-гуманитарлық, отбасы, жастар, ақпарат секілді ішкі саясаттың басым бағыттары айқындалған. Қабылданған тұжырымдамалық құжат мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыруға негіз болады.

<https://www.akorda сайтынан>.

ЖОБА	ПРОЕКТ
Жамбыл ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы	О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации по Жамбылскому району
Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 726-бабына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	В соответствии со статьей 726 Налогового Кодекса Республики Казахстан, Жамбылский районный маслхат РЕШИЛ:
1. Жамбыл ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салық мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңі үшін алынған (алынуға жататын) табыс бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілсін.	1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога по Жамбылскому району с 4 (четырёх) процентов на 2 (два) процента по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.
2. Жамбыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы «Жамбыл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» №25-124 шешімінің (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6191-05 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.	2. Признать утратившим силу решение Жамбылского районного маслхата от 29 ноября 2024 года № 25-124 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога по Жамбылскому району» (зарегистрированное в Государственном реестре нормативных правовых актов Республики Казахстан за № 6191-05).
3. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.	3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.
М.ӘМІРҒАЛИЕВ, Жамбыл аудандық мәслихат төрағасы.	М.АМИРҒАЛИЕВ, Председатель Жамбылского районного маслхата.

Ел газеттеріне банкрот болу қаупі төніп тұр

Соңғы 2-3 күннен бері Қазақстанның біраз аймағынан менің атыма шұғыл және уақыт күттірмейтін мәселе көтерген бірнеше өтініш келіп түсті. Алматы, Семей, Түркістан, Шымкент және басқа да өңірлердің журналистік ұжымдары дабыл қаққан бұл мәселенің мән-жайы мынадай (қаз-қалпында):

«Соңғы уақытта «Қазпошта» АҚ тарапынан көрсетілетін қағаз газеттерге қатысты қызмет ақыларының бірнеше есе өсірілуі республикалық тәуелсіз басылымдармен қатар, аймақтық, облыстық және аудандық газет редакцияларының алаңдаушылығын туғызып, оларға банкрот болу қатерін төндіруде. Атап айтқанда, быылғы жылдың шілде айында пошта арқылы мерзімді басылымдарды тарату қызметінің ақысы 1000 пайызға дейін артқан болатын. Бұл өзгеріс баспасөз ұжымдары үшін қатты соққы болып, өңірлік және аудандық газеттердің қаржылық жағдайына ауыр тиді. Ал жуырда баспасөзге жазылу қызметі үшін бұрынғы 17 пайыздық мөлшерлеме бірден 41,76 пайызға дейін көтерілгені жөнінде хабарлама алдық. Бұл шешім редакциялар мен журналистер қауымы үшін күтпеген ауыр соққы болып отыр.

Салыстырмалы түрде айтайын. Мысалы, апталық газеттің орта есеппен 8 мың теңгелік жазылу ақысының 3 мың 200 теңгесі «Қазпоштаның» тарату шығынына жұмсалады; 3 мың теңгеге жуығы қағаз бен баспахана шығынына кетеді; 1 мың теңгеге жуығы кеңсе жалдауға, көлік және байланыс (интернет) қажеттілігін өтейді. Сонда қалған 1 мың теңге ғана редакция қызметкерлерінің жалақысына жұмсалады. Бұл жағдайда қағаз үлгісінде шығатын газеттерді сақтап қалу мүмкін емес!

Осыған байланысты төмендегі сұрақтарымызды жолдаймыз:

1. Ақпарат құралдарымен жасалатын келісімшарттар неге тек бір тараптың — «Қазпоштаның» мүддесін қорғайды? Бұл «Қазпоштаның» мүддесін көздеген көпекөрнеу монополиялық жағдай емес пе?

2. Қызмет ақысының көтерілуі туралы шешім неге алдын ала ескертілмейді және БАҚ өкілдерімен талқыланбайды?

3. Көптеген өңірде мерзімді басылымдар оқырманның қолына уақытылы жетпей жатады. Бұл үшін министрлік



тарапынан «Қазпошта» компаниясының жауапкершілігін арттыру мақсатында неге талаптар қойылмайды?

4. Салалық министрліктің есіне салайық: редакциялар жазылудан түскен қаражатты бірден алу мүмкіндігінен айырылған. Ақша тоқсан сайын бөліп беріледі. Осы қаражат «Қазпоштаның» есепшотында жатқан кезеңде кімнің мүддесіне қызмет етеді?

Бұл сауалдар — бір ғана басылымның емес, бүкіл республикалық және өңірлік қағаз үлгісіндегі газеттер шығаратын бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ мәселесі».

Бұл мәселені мен Аида Балаеваның өзіне жеке жолығып, журналистер қауымының арыз-арманы ретінде тікелей өзіне айтуыма болар еді. Бірақ жағдайдың күрделілігі сол — бұл проблеманы бір министрлік шеңберінде шешу мүмкін емес. Сондықтан «Қазпоштаның» бас-көктеген монополиялық қызметіне қатысты мәселе ел Премьер-министрі Олжас Бектенов мырзаның, ҚР Баскелесіктікі қорғау және дамыту агенттігі мен «Самұрық-Қазына» ұлттық компаниясы басшылығының да құлағына жетсін деп, бұл депутаттық сауалды жария түрде жолдап отырмын.

Бәріміздің есімізде болуы керек және бірлесіп шешуіміз тиіс бір маңызды мәселе бар: Мәдениет және ақпарат министрлігі мен әр деңгейдегі әкімдіктер мемлекеттік ақпарат тапсырысына (госинформзаказ) жалпы жиыны миллиардтаған теңге қаржы жұмсайды. Бірақ осы миллиардтардың тең жартысына жуығын «Қазпошта» ұлттық компаниясы сығырып алатын болса, бұл мемлекеттік саясаттың логикалық қисыны қандай болмақ? Тек «Қазпоштаны» қаржыландыру үшін ғана ма? Ал Ел Президенті мен мемлекеттің саясатын насихаттау мәселесі қайда қалмақ? Біз неге бір компанияның қаржылық жағдайы үшін ұлттық саясатты құрбан етуіміз керек?!

Сондықтан көтерілген мәселелерге түсініктеме беріп, БАҚ редакцияларына жария түрде және ақылға сыйымды жауап берулеріңізді сұраймын. Әйтпесе өртүрлі деңгейде газеттер шығаратын редакциялар басшылығы Түркістан қаласына жиналып, Мемлекет басшысының атына Ашық хат жолдауға дайындалып жатқанын сіздердің естеріңізге саламын.

Ермұрат БАПИ,

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

2025 жылғы Жамбыл ауданы әкімінің халықпен тұрақты кездесулерінің КҮНТІЗБЕСІ

Ауылдық округі	Өтетін күні	Өтетін орны	Уақытты
Бозой а/о (Бозой ауылы) Бозой ауылы ОМ	06.11.2025ж.	Бозой ауылы әкімшілігі	10:00
Айдарлы а/о (Айдарлы ауылы) Мәдениет үйі	06.11.2025ж	Айдарлы а/о (Айдарлы ауылы) Мәдениет үйі	12:00
Сарытауқұм а/о (Ашысу, Қаншөңгел ауылдары) Сарытауқұм ауылы ОМ	06.11.2025ж	Сарытауқұм ауылы ОМ	15:00
Үлкен а/о (Үлкен ауылы) Үлкен ауылы ОМ	07.11.2025ж	Үлкен ауылы ОМ	10:00
Теміржол а/о (Қазыбек бек бекеті) Мәдениет үйі	11.11.2025ж.	Қазыбек бек бекеті Мәдениет үйі	09:00
Аксентір а/о (Аксентір, Жайсаң, Жиренайтыр, Көкдала ауылдары) Мәдениет үйі	11.11.2025ж.	Аксентір ауылы Жайсаң ОМ	12:00
Таран а/о (Б.Қыдырбекұлы ауылы) Мәдениет үйі	11.11.2025ж.	Б.Қыдырбекұлы ауылы Мәдениет үйі	15:00
Мәтібұлақ а/о (Мәтібұлақ, Таңбалытас, Еспе, Жайлау, Жартас, Қарабастау, Қызылтаң, Шиліобастау ауылдары) Мәтібұлақ ауылы ОМ	12.11.2025ж.	Мәтібұлақ ауылы Мәдениет үйі	09:00
Ақтерек а/о (Ақтерек, Арқарлы ауылдары) Ақтерек ауылы ОМ	12.11.2025ж.	Ақтерек ауылы ОМ	12:00
Беріктас а/о (Беріктас ауылы) Мәдениет үйі	13.11.2025ж.	Беріктас ауылы Мәдениет үйі	09:00
Самсы а/о (Самсы, Тарғап ауылдары, Қопа бекеті) Т.Сәрсенбеков атындағы ОМ	13.11.2025ж.	Тарғап ауылы ОМ	12:00
Үлгілі а/о (Үлгілі ауылы, Саз бекеті) Үлгілі ауылы ОМ	14.11.2025ж.	Үлгілі ауылы Мәдениет үйі	09:00
Үңгіртас а/о (Үңгіртас, Ақдала, Көкқайнар, Сарыбастау ауылдары) Мәдениет үйі	14.11.2025ж.	Үңгіртас ауылы Мәдениет үйі	12:00
Дегерес а/о (Дегерес, Бұлак, Бесмойнақ, Қараарша, Сұңқар) О.Әубәкіров атындағы ОМ	18.11.2025ж.	Сұңқар ауылы ОМ	09:00
Шпен а/о (Шпен, Қоғамшыл ауылдары) Шпен ауылы ОМ	18.11.2025ж.	Шпен ауылы ОМ	12:00
Аққайнар а/о (Аққайнар ауылы) Мәдениет үйі	19.11.2025ж.	Аққайнар ауылы Мәдениет үйі	09:00
Талап а/о (Сұраншы батыр, Қастек ауылдары) Сұраншы батыр ауылы ОМ	19.11.2025ж.	Сұраншы батыр ауылы Мәдениет үйі	12:00
Қаракыстақ а/о (Қаракыстақ, Бұрған, Үшбұлақ ауылдары) Мәдениет үйі	20.11.2025ж.	Қаракыстақ, ауылы Мәдениет үйі	09:00
Жамбыл а/о (Қызылөскер, Жамбыл, Бірлік, Саурық батыр ауылдары) Мәдениет үйі	20.11.2025ж.	Жамбыл ауылы Мәдениет үйі	12:00
Қарасу а/о (Сарыбай би, Еңбекшіарал, Қайназар, Қарасай, Қызылсөк ауылдары) Қарасу ауылы ОМ	20.11.2025ж.	Еңбекшіарал ОМ	15:00
Мыңбаев а/о (Мыңбаев ауылы) Мәдениет үйі	21.11.2025ж.	Мыңбаев ауылы Мәдениет үйі	09:00
Шолаққарғалы а/о (Ү.Кәрібаев, Қасымбек, Шолаққарғалы ауылдары) Ү.Кәрібаев атындағы ОМ	21.11.2025ж.	Ү.Кәрібаев атындағы ОМ	12:00
Қарғалы а/о (Қарғалы ауылы) №3 ОМ	25.11.2025ж.	Қарғалы ауылы №3 ОМ	10:00
Ұзынағаш а/о (Ұзынағаш, Жаңақұрылыс, Ынтымақ ауылдары) А.Қарсақбаев атындағы ОМ	26.11.2025ж.	Ұзынағаш ауылы №2 ОМ Жандыбаев көшесі №13 "А"	10:00

«101» хабарлайды

ТОСЫН ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ БАР

Аудан аумағында көктемгі және нөсерлі кезендерде туындайтын су тасқыны қауіптерінің алдын алу, сондай-ақ инженерлік және коммуналдық нысандардың жай-күйін анықтау мақсатында кезекті тексеру шаралары өтті.

2025 жылдың 29 қазанында аудан әкімінің орынбасары А.Туматаевтың жетекшілігімен құрылған комиссия Қайназар және Ұзынағаш ауылдық округтеріндегі су басу қаупі бар учаскелер мен Ұзынағаш ауылындағы фильтрациялық алаңдарға барып, егжей-тегжейлі визуалды зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Комиссия құрамында Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басқарма мамандары, аудандық азаматтық қорғау қызметі мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, ауыл әкімдері және коммуналдық сала қызметкерлері болды.

Қайназар ауылында жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша бірнеше учаскеде еріген және нөсерлі сулардың табиғи ағымына байланысты айқын қауіп бар екендігі анықталды.

Атап айтқанда, Жастар және Бейбітшілік көшелерінде уақытша қазылған арық желісі бар болғанымен, олардың көбі тұрмыстық қалдықтармен бітеліп, кей жерлері шөп пен бұта өсімдіктерімен басылған. Осыған байланысты, 80 тұрғын үй мен шамамен 265 адам тұратын аумақтарда су тасқыны қаупі туындауы мүмкін.

Сол сияқты Ақдала көшесі бойындағы арық-дренаж жүйесі де күтімсіз күйде. Кейбір бөліктері топырақпен көміліп, су ағына кедергі келтіруде. Бұл аумақта 85 үй (285 адам) бар, олардың да ауласын су басу қаупі жоғары.

Ал Сарыбай би ауылындағы жаңа құрылыс аймағында, яғни Қазақстан көшесі маңында 25-ке жуық жаңа үй (75 адам) тікелей таудан ағатын судың табиғи бағытына салынған.

Комиссия мүшелері тарапынан барлық аталған аумақтарда арық-дренаж жүйелерін жаңадан салу, қолданыстағыларын тазалау және су бұру жүйелерін инженерлік тұрғыда жобалау қажеттігі атап өтілді.

Аудан орталығы болып саналатын Ұзынағаш ауылында да соңғы жылдары құрылыс көлемінің артуымен қатар, табиғи су ағымдарына қатысты мәселелер жиілеген.

Шолпан, Отау, Алғабас, Қарасу, Күлтегін, Шапағат және Теміржол көшелерінің бойында орналасқан 130-дан астам тұрғын үй (520 адам) тікелей таудан ағатын еріген және нөсер сулардың жолында тұр. Мұндағы ұзындығы 3 шақырымға жуық арық жүйесі тұрмыстық қалдықтармен толып, өз қызметін атқара алмай отыр. Ал Баслана және Атамекен көшелерінде (220 үй, 686 адам) кейбір арық желілері топырақпен көміліп қалған.

Сондай-ақ, Жаңақұрылыс ауылының Ақорда көшесі бойында орналасқан 75 үйдің (294 адам) маңында су бұру жүйесі мүлде жоқ.

Тексеру барысында Ынтымақ ауылындағы Н.Орысбек көшесі бойында орналасқан дәрігерлік амбулатория мен бес тұрғын үйдің маңында арықтар мен құбырлар лай және қоқыспен толып қалғаны анықталды. Бұл аймақта да су тасқыны кезінде нысандардың зақымдану қаупі бар.

Комиссияның қорытындысы бойынша барлық көрсетілген учаскелерде арық-дренаж жүйесін қайта қалпына келтіру, тазалау және қажет жерлерде жаңа су бұру арналары мен құбырлы өткелдер орнату қажет.

Ұзынағаш ауылының тұрмыстық және өндірістік ағынды суларын қабылдайтын фильтрациялық алаңдардың жағдайы ерекше алаңдаушылық туғызды.

Жалпы аумағы 16,38 гектарды құрайтын нысанда 25 тексеру шұңқырының (чектердің) тек 16-сы ғана жұмыс істеп тұр. Канализация желілерінің ұзындығы – 21,8 шақырым. Объект «Жамбыл Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қарамағында.

Соңғы бес жылда халық санының өсуіне байланысты ағынды сулардың көлемі де күрт артқан. Қазіргі таңда алаңдардың тозу

деңгейі 95 пайызға жетіп, кейбір учаскелерде гидротехникалық бөгеттердің бетінде жарықтар пайда болған.

Комиссия мүшелері соңғы шұңқыр бөгетінде ұзындығы 10-15 метр жарық анықталғанын хабарлады. Нәтижесінде жер асты сызбалары арқылы су жақын маңдағы үйлерге және шаруашылықтарға сіңіп, бөгеттің бұзылу қаупін күшейтіп отыр. Егер бұл жағдай орын алса, шамамен 50 үй мен бір шаруашылық нысан зардап шегіп, су өзен арнасына қосылып, экологиялық және санитарлық тұрғыда ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша аудан аумағында су тасқыны мен техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында нақты шаралар қабылдау қажеттілігі анықталды. Коммуналдық нысандардың, әсіресе фильтрациялық алаңдардың техникалық жағдайын жақсарту бағытында жұмыстарды жеделдету тапсырылды.

Бұл жұмыстардың барлығы аудан халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экологиялық және санитарлық тұрақтылықты сақтау мақсатында атқарылмақ.

Жамбыл аудандық ТЖБ.



15 қараша – Ұлттық валюта күні

ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТҚАН ТӨЛ ТЕҢГЕ



Кез келген егемен елдің рәмізі болатыны секілді өз валютасының болуы да заңдылық. Өйткені, ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі еді. Ал теңгенің айналымға түсуі Егеменді Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін тағы бір жария ету болатын.

Қай елдің болмасын валютасы мемлекеттің тарихын тікелей баяндайды, заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Бүгінде ақша бірліктері мемлекеттің дамуына маңызды рөл атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды. Ұлттық банкнотта мемлекеттің тарихи оқиғалары, елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан саяси-тарихи тұлғалардың бейнесі әрі мемлекеттің басты мәдени жетістіктері бейнеленеді. Сонымен бірге, бүгінде ұлттық валюта барша мемлекеттер мен халықтар үшін өте ыңғайлы және экономикалық негізі бар қаржы құралы.

Ұлттық валютамыздың алғаш пайда болуы, өзгеруі және түрлену тарихына көз жүгіртсек, бүгінгі қазақ елінің аумағында алғашқы күміс монета XV ғасырда пайда болған. Отырар қаласында «таньга» деген атпен құйылған монета заманауи теңге атауының шығуына себепкер болды. Ал Қазақстанның ұлттық валютасы, төл теңгеміздің тарихы 1992 жылдан бастау алады. Алғашқы қағаз ақша Ұлыбританияда басылды. Ұлттық валютаның бекуі ел экономикасының аяғынан нық тұруына да септігін тигізді. Сол кезде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев құпия түрде арнайы топты жинады да, ақшаның дизайнын жасатуға Англияға жібереді. Лондонда жасалған теңгеміз 1993 жылы қарашада кеңес ақшаларын теңгеге ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. 15 қараша күні таңертеңнен бастап құрамында қауіпсіздік қызметі мен ішкі істер органдарынан, облыс әкімдігінен, Ұлттық банк өкілдері бар арнайы комиссия жаңа ақшаны жан-жаққа бөлуге кірісті.

2006 жылы 15 қараша күні ұлттық валютамыздың жаңа дизайнмен әрленген 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттары айналымға шықты. Дизайн мемлекеттік рәміздерді, еліміздің сәулет нысандары мен табиғи ландшафтарын бейнелей отырып, Қазақстанның осы заманғы бейнесін береді. Қолайлылық үшін номиналдарды сандық және жазбаша белгілеулер ірі қаріптермен басылды. Нашар көретін адамдар үшін банкноттарда әр жеке номиналға тән жоғары бедерлі арнаулы элементтер пайдаланылған. 2007 жылдың мамыр айында Тайландта өткен валюта конференциясында 10 мыңдық теңгеміз «Үздік жаңа банкнот» аталымы бойынша бірінші орынға ие болды.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы бірінші монеталар V ғасырда пайда болған. Бірақ олардың барлығы шетел валютасы болған: қытай, византиялық, сонымен қатар шетел саудагерлері мен мәсіхшілері арқасында келген Сасанидтік ақшалар. Ең ыңғайлы және кең тараған ақшалардың бірі «ушу» деген қытай монеталары болған, олардың бауға

іліп жүретін төрт бұрышты тесігі бар болған. Сонымен қатар, Римнен, Византиядан, Араб халифатынан, Үндістаннан және Монғолиядан келген алтын, күміс және платина монеталары жиі пайдаланылатын болған. Олар Тараз, Баласағұн, Отырар және Сауран аймақтарында ақша жасау басталған кезде үлгі ретінде қолданған. Монеталарда әр тайпаның таңбасы бейнелеген. Мысалы, анның немесе құстың суреті, балықтың суреті, бұлардың бәрі жер, аспан және суды бейнелеген. VII-VIII ғасырлары Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанды арабтар жаулап алғаннан кезден бастап монеталарда араб тілінде жазулар пайда болды. Кейінірек Қазақстанның солтүстігін Ресей саудагерлері белсенді түрде игере бастады, нәтижесінде бұнда революцияға дейінгі Ресей ақшалары қолданылды.

Жалпы валютаның тарихы алғаш қағаз ақша енгізілген сонау орта ғасыр кезеңінен бастау алады. Бұл валюта саудагерлер арасындағы қарыздарын өтейтін сенімхат секілді жүрді. Әртүрлі мемлекет, қалалар билеушілері алтын, күміс және басқа да құнды материалдарды сақтап, олардың орнына векселдерді шығарумен айналысты. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін валюта нарығы сенімсіз әрі әлсіз болды. Соғыс аяқталғаннан кейін нарықтағы валютаның тұрақсыздығынан валюта курсының айырмашылығынан жеңіл табыс көргісі келген инвесторлар көбейді. Алайда, тәуекелге бас тіккендердің бәрі жетістікке жетті деуге болмайды. Валюталар нарығының құлдырауы Ұлы депрессияға әкеліп соқты. Міне, осы кезден бері қарапайым халықтан бастап, саясаткерлерге дейін валюта нарығының тұрақтылығы әлемдік қаржы жүйесінде қандай маңызды рөл атқаратынын түсінді.

Қарашаның 15-інде төл теңгеміз 32-ге толады. Бұл – теңгенің тарихы үшін әжептәуір уақыт. Ұлттық валютаны шығару туралы шешім де, теңгенің дүниеге келуі де оңай болған жоқ. Егемендікті енді ғана алған жас мемлекеттің қаржы жүйесі құрылып бітпеген болатын.

Бұл кез – экономикамын қатты құлдырап кеткен тұсы еді. Кеңес Одағы кезінде басталған инфляция қарқыны үдей түсті. Оны ауыздықтауға шама жетпеді. 1992 жылы Елбасы

Нұрсұлтан Назарбаев төл валютамызды енгізу туралы тапсырма берді. Ол кезде елімізде ақшаны бастыратын фабрика болған жоқ. Құнды қағаздар түгілі, оқушының дәптеріне дейін Ресейден әкелінді. Ұлттық валютаны әзірлеу, шығару үшін қаражат та тапшы-тын. Ұлттық банктің сол кездегі төрағасы Ғалым Байназаровтың бастамасымен үлкен реформалар жүргізіліп, ұлттық валютаның қажетті қаражаттық инфрақұрылымын жасау қолға алынды. Біраз тер төгудің нәтижесінде қаржы жиналды, алтын валюта қоры құрылды. Сөйтіп, төл теңгеміз Ұлыбританиядағы «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын 400 жылдан астам тарихы бар банкнот фабрикасында басылып шықты. 1993 жылдың мамыр айында теңге елімізге жеткізілді. Жоспарланған іс-шара өте қысқа мерзімде сәтті жүзеге асты. Сол жылы 12 қараша күні Елбасы «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлыққа қол қойып, қарашаның 13-інде теледидар арқылы теңгенің қолданысқа енетінін жария етті. Арада үш күн өткен соң өз валютамыз қаржы нарығында айналымға енді.

Теңгеміз түрлі жағдайды бастан өткерді. Әсіресе, 1994-1996 жылдары теңге қатты құнсызданған болатын. Дәл осы кезде кәсіпорын, фабрикалар жабылып жатты. Жұмыссыздық көбейді. Бюджет қызметкерлері бірнеше ай бойы жалақысын, зейнеткерлер зейнетақысын ала алмады. Дегенмен, осы үш жылдың ішінде теңге қаншама құнсызданғанмен, инфляцияны жеңді. Егер ұлттық валютамыз рубльмен жүргенде қиындықтар тіптен арта түсетін еді. Сондықтан, экономиканы тұрақтандыруда теңгенің ықпалы мықты болды.

Теңге тарихында дизайнын бірнеше рет өзгертті. Бастапқыда тарихи тұлғалардың портреттері берілді. Мұның тәрбиелік, саяси мәні зор болатын. Дегенмен, халықаралық стандартқа сай ұлттық валютаның дизайнын өзгертуге тура келді. Сөйтіп, теңгенің қорғаныс элементтері көбейтілді.

Айта кету керек, ТМД елдерінің арасында біздегі банк жүйесі алда келеді. Біз бірінші болып зейнетақы реформасын енгіздік. Банктердің депозиттерге кепілдік беру ісін де ең алдымен біз қолға алдық. ТМД аумағында

өз банкнот фабрикалары бар ел санаулы: Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Украина. 1995 жылдан бері теңге Алматыдағы Банкнот фабрикасында басылып шығады. Ал темір ақшалар Өскемендегі Монета сарайында соғылады.

Ұлттық валютаға қатысты маңызды ақпараттарға тоқталар болсақ, 1992 жылы тамыздың 27-сі күні Ұлттық банк басқармасы теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Ертесіне қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер Англияға аттанды. Дәл осы жылы теңге дизайнындағы портреттер бекітілді. Теңге Ұлыбританияның әлемге әйгілі әрі ең көне «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын банкноттық фабрикасында басылып шықты. 1993 жылдың күзінде Қазақстан ТМД елдерінің ең соңында рубль аймағынан шықты. 1993 жылы қарашаның 12-сі күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» жарлыққа қол қойды. Арада үш күн өткен соң, 15 қарашада тәуелсіз Қазақстан Республикасының өз валютасы қаржы нарығында айналымға енді Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау 1993 жылы 15 қарашада сағат 8.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20:00-де аяқталды. Ұлттық Банк бастапқыда 1 теңгені сол кездегі мың рубльге бағалаған болатын. Дегенмен, еліміздің саяси, әлеуметтік мәселелері және мемлекетаралық қатынастар ескеріліп 1 теңге 500 сомға бекітілді. Теңге бірінші айналымға кірген күні 1 доллар 4,75 теңге болып бекітілді 1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған 2, 5, 10, 20 және 50 номиналды монеталар шықты. Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы наурыздағы №2155 «Қазақстан Ресубликасының Ұлттық Банкі туралы» Заңының 42-бабына сәйкес, монеталар мынадай түрге бөлінеді:

- Инвестициялық монеталар – инвестициялау және жинақталған ақша қаражаты объектісі болып табылатын, қымбат металдан дайындалған монеталар;
- Коллекциялық монеталар – коллекциялау және жинақталған ақша қаражаты объектісі болып табылатын, қымбат металдан және қымбат емес металдан шектеулі тиражбен дайындалған мерейтойлық, ескерткіш және арнайы соғылған монеталар;
- Айналыста жүретін монеталар – қымбат емес металдан дайындалған және қолма-қол айналымға арналған монеталар. Елімізде инвестициялық монеталар «Жібек Жолы» деп аталады, олар 1996 жылы 19 ақпаннан бастап айналысқа шығарылды. Ел Президентінің Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні ретінде белгіленген болатын.

Төл теңгемізді ұлықтау – бұл елдігімізді ұлықтаумен пара-пар нәрсе. Бір сөзбен айтқанда осының барлығы төл теңгеміздің орныққанын көрсетеді.

А Майра РАЙЫМБЕРДИЕВА

Қаржыгерлер еңбегі – ел дамуының өзегі

15 қараша – теңге күні. Тұңғыш Президент – Елбасының Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша – Қаржыгерлер күні ретінде де аталып өтеді. Осы орайда Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы және өз атымнан баршаңызды Ұлттық валюта күнімен және Қаржыгерлердің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлттық валюта – төл теңгеміз мемлекетіміздің маңызды атрибуты әрі тәуелсіздігіміздің айқын символы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Еліміздің қаржы жүйесіне халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту міндеті жүктеледі.»

«Теңге» сөзі өзінің бастауын орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің күміс ақшасы – «денге», «таңға» атауларынан алады. Айта кету керек, дәл осы сөз орыс тіліндегі «деньги» сөзіне де арқау болған.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз ғана тарихи кезең ішінде Қазақстан табысты экономикасы бар, тұрақты саяси және әлеуметтік жүйе қалыптасқан мемлекетке айналды. Бүгінде біз тұрақты экономикасы

бар, қарқынды дамып келе жатқан елде өмір сүріп отырымыз. Ұлттық валютамыздың тарихын білу – әрбір қазақстандық азамат үшін маңызды, себебі теңге бүгінде біздің өміріміздің негізгі айналым көзі, экономикалық тұрақтылықтың кепілі болып табылады.

Еске сала кетсек, 1992 жылдың 27 тамызында Ұлттық банк теңге купюраларының алғашқы үлгілерін бекітті. Келесі күні қазақ валютасының дизайнын жасаған суретшілер Англияға аттанды. Сол жылы теңге банкноттарындағы тарихи тұлғалардың портреттері мақұлданды. Төл теңгеміз алғаш рет Ұлыбританияда басылып шықты. 1993 жылдың 12 қарашасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 1993 жылдың 15 қарашасында Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге айналымға енді.

Бүгінде банкноттар Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монеталар Өскемен қаласындағы Монета сарайында шығарылады.

Еліміздің әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі, инфляцияны тежеу, қаржы нарығының тұрақтылығын сақтау және экономикалық өсімді ынталандыру – осының барлығы еліміздің қаржылық жүйесінің табысты дамуына тікелей байланысты. Бұл бағыттағы жұмыстарды тәжірибелі, өз ісіне адал және жауапты мамандар жүзеге асырып келеді. Ауданның қаржы органдары да осы игі іске өз үлестерін қосып, экономикалық дамуға серпін беріп отыр.

Құрметті қаржыгерлер! Сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында аудан экономикасы қарқынды дамып, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарып келеді. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасылық амандық, ырыс-береке және еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Қаржылық қызметтеріңізде жаңа жетістіктерге жете беріңіздер демекпін.

Б.КУЛЬБАЕВА,
Жамбыл аудандық Қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.



ДЕРЕК ПЕН ДАМУДЫҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ

Биыл Қазақстандағы мемлекеттік статистика саласына 105 жыл толып отыр. Бұл мерейлі дата – елдің әлеуметтік-экономикалық даму тарихындағы маңызды белес. Бір ғасырға жуық уақыт ішінде ұлттық статистика жүйесі қоғамның дамуын бағалайтын, мемлекеттік саясатты айқындайтын және болашақ жоспарларды қалыптастыратын басты құралға айналды.



тиімділігін анықтауда және халықаралық рейтингтерде елдің орнын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Мысалы, соңғы жылдары статистикалық ақпараттар негізінде «Халықтың әл-ауқатын арттыру», «Индустриялық-инновациялық даму», «Ауыл – Ел бесігі», «Ұлттық жоба: Күшті аймақ – мықты ел» сияқты бағдарламалардың нәтижелілігі бағаланды.

Мемлекеттік статистика саласының маңызды буындарының бірі – өңірлік басқармалар. Олардың ішінде Жамбыл аудандық статистика басқармасы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты барлық деректерді жинақтап, талдап, Ұлттық статистика бюросына ұсынады.

Қазіргі таңда Жамбыл ауданының статистика басқармасында 4 қызметкер жұмыс істейді. Басшысы – Абдимолдаева Гүлнар Әлиакбарқызы. Бас мамандар – Қапарова Рабиға мен Әйгерім Мұхтарқызы. Жетекші маман – Әлия Еремекқызы.

Аталған ұжым аудан экономикасының даму динамикасын, халық санының өзгерісін, еңбек ресурстары мен шаруашылық құрылымының көрсеткіштерін жүйелі түрде бақылап, талдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Олардың еңбегі арқылы ауданның даму бағыттары мен әлеуметтік көрсеткіштер нақты деректермен қамтамасыз етіледі.

105 жылдық тарихы бар ұлттық статистика жүйесі бүгінде жаңа кезеңге қадам басты. Оның басты мақсаты – нақты, шынайы және жедел ақпарат ұсыну арқылы елдің тұрақты дамуына үлес қосу.

Алдағы жылдары салада толық автоматтандыруды енгізу, халық санағы мен бизнес тіркелімдерін жаңарту, геоақпараттық технологияларды пайдалану жоспарланып отыр. Бұл қадамдар деректердің дәлдігін арттырып қана қоймай, өңірлік және ұлттық саясаттың тиімділігін бағалауға жол ашады.

Қазақстандық статистика – бұл жай ғана сандар мен көрсеткіштер жиынтығы емес, ел дамуының нақты көрінісі, шешім қабылдаудың сенімді негізі.

Бүгінде статистика саласының мамандары деректің дәлдігі мен сенімділігі үшін күн сайын қажырлы еңбек етуде. Олардың еңбегі – ел дамуының іргетасы, қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі.

Жауапты қызметтің бірі – статистика саласы. Осы салада ұзақ жылдар бойы табан аудармай еңбек етіп, зор бедел мен құрметке бөленген жанның бірі – Даурембаева Манаткүл Ибраимқызы.

М.Ибраимқызы оқу орнын бітіргеннен кейін 1975 жылдың қазан айында Жамбыл аудандық статистика басқармасына экономист мамандығы бойынша жұмысқа қабылданады. Іскерлігі мен жауапкершілігінің арқасында 1984 жылы бас экономист қызметіне тағайындалып, 1987-1991 жылдары статистика басқармасы басшысының орынбасары қызметін, 1992-2004 жылдар аралығында бас экономист қызметін абыройлы атқарады.

Майтапман мамандық иесі

2004 жылы мемлекеттік қызметке бас маман болып ауысқан Манаткүл Ибраимқызы жауапкершіліктің озық үлгісін көрсете білді.

Осылайша, өз ісіне адалдықпен қызмет атқарған ол 2012 жылдың 13 қарашасында еңбек демалысына, яғни зейнеткерлікке шыққан болатын.

Алайда, еңбек ардагері зейнет демалысына шыққаннан кейін де қоғам өмірінен қол үзген жоқ. 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбек шарты бойынша интервьюер (сұхбат жүргізуші) ретінде халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамалары бойынша қызметін жалғастырып келеді.

Биыл, 2025 жылдың 25 қазанында Манаткүл Ибраимқызының статистика саласында қызмет еткеніне 50 жыл толып отыр. Бұл – бір мекемеде жарты ғасыр бойы үздіксіз еңбек еткен адамға көрсетілер зор құрмет пен абырой.

Оның ел алдындағы елеулі еңбегі лайықты бағаланып, көптеген Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған. Сондай-ақ ҚР ұлттық экономика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалінің иегері атанған. Жібектей жұмсақ мінезімен, адамгершілік қасиетімен және еңбекқорлығымен ерекшеленген аяулы жан бүгінде де ортақ мақсатқа өз үлесін қосып келеді.

– «Статистика саласы – күрделі әрі жауапты мамандықтың бірі. Осы уақыт аралығында бір ауданда, бір мекемеде еселі еңбек еттім. Шынымды айтсам, статистика саласының қыр-сырын толық меңгеріп, мол тәжірибе жинақтадым. Осы жылдар ішінде көптеген жас мамандарды үйретіп, ақыл-кеңес бердім, олардың кәсіби тұрғыда өсуіне көмектестім. Менің ізімді басып келе жатқан шәкірттерім бар», – дейді еңбек ардагері.

М.Ибраимқызы – өз кәсібін сүйіп, оны өмірлік ісіне айналдырған абзал жан. Жұмыстағы тиянақтылығы, әріптестермен тіл табыса білуі, жас мамандарға бағыт-бағдар берудегі ұстамдылығы оның беделін арттыра түсті. Ол үшін статистика – жай ғана



сандар мен есептер емес, елдің тыныс-тіршілігін, халықтың әл-ауқатын айқындайтын нақты айна. Сондықтан әрбір көрсеткішке жауапкершілікпен қарап, мәліметтердің дәлдігі мен сенімділігін сақтауды өмірлік қағидасына айналдырған.


Әріптестері мен замандастары Даурембаева Манаткүлді өз ісінің хас шебері, талапшыл да әділ маман ретінде сипаттайды. Қызмет барысында ол әр есептің артында нақты адамның тағдыры, ел өмірінің бір бөлігі тұрғанын терең сезінетін. Сол себепті де жұмысына жан-тәнімен беріліп, айналасындағы адамдарға үлгі бола білді.

Бүгінде Манаткүл Ибраимқызының еңбегі тек аудан көлемінде ғана емес, облыстық деңгейде де жоғары бағалануда. Оның жарқын еңбек жолы мен өмірлік тәжірибесі жас мамандар үшін үлкен мектеп, ал адалдық пен жауапкершілікке негізделген өмір философиясы – әріптестеріне өнеге. Осындай адал қызметкерлердің арқасында еліміздің статистика саласы тұрақты дамып, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалының айнасына айналып отыр.

Отбасына және ұжымға сыйлы Манаткүл Ибраимқызы бүгінде ұл-қыздарының, немере-шөберелерінің қызығын көріп отырған бақытты әже. Оның жарты ғасырлық еселі еңбегі, өмірге деген құлшынысы әріптестері мен шәкірттеріне шабыт сыйлап, қоғам үшін адал қызмет етудің нағыз үлгісін көрсетіп келеді.

Аймақ тынысы

Көгілдір отынның игілігін көруде



Айта кетсек, көктем айында Қазыбек бек бекетінде автоматтандырылған газ тарату станциясы ашылған еді. Бұл нысан Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен жеке ұйымдардың бірлескен еңбегінің нәтижесінде іске қосылды. Ал газ таратуды «Алматы ОблГаз Engineering» мекемесі қамтамасыз етіп отыр.

Бүгінгі таңда Ақсепгір ауылдық округіне қарасты Жайсаң ауылында 25 үй, Көкдалада 7 үй және Ақсепгірдің өзінде 20 тұрғын үй толықтай газ желісіне қосылған. Әрине, барлығы да көгілдір отынның игілігін көруге ниетті, алайда кейбір тұрғын үйлердің ресми тіркеуге тұрмауы немесе құжаттарының реттелмеуі салдарынан газға қосыла алмай отыр.

Жеке тұрғын үйлерді газ желісіне қосудың арнайы бағасы белгіленген. Бұл сома әр отбасының жағдайына қарай ауыр болуы мүмкін. «Бес саусақ бірдей емес» демекші, кейбір тұрғындарға бұл қаражатты табу оңайға соқпай тұр.

Ал Таран ауылдық округіне қарасты Балғабек Қыдырбекұлы ауылында бүгінде 40 тұрғын үй толықтай газ желісіне қосылған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Сондай-ақ Теміржол ауылдық округіне қарасты Қазыбек бек ауылында 108 тұрғын үй көгілдір отынның қуанышын сезініп отыр.

Аталған бес ауылды газбен қамтамасыз ету жұмыстарын «Алматы ОблГаз Engineering» мекемесі өз мойнына алып, жоғары деңгейде атқарауда. Сонымен қатар жеке компаниялар мен өзге де жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер газ құбырларын тартып, елді мекендерге жеткізіп беруде.

Көгілдір отынның ауылға келуі – тек тұрмыстың жеңілдеуі ғана емес, экологиялық қауіпсіздік пен өмір сапасының артуы. Енді аудан тұрғындары қыс мезгілін жылы әрі жайлы өткізіп, заманауи өмірдің игілігін толық сезіне алады.

Тұрғындармен тілдескенде, олардың қуанышын жасыра алмайтынын байқауға болады. «Бұрын көмір мен отын тасу – ең ауыр жұмыс еді. Енді бір батырманы басып, үйіміз жылынып отыр. Бұл – үлкен жеңілдік», – дейді Қазыбек бек ауылының тұрғыны Айнаш Қалиаскарқызы. Осындай пікірлер ауылдардағы көптеген отбасылардан жиі естіліп жүр. Газдың келуі – олардың күнделікті тұрмысын жеңілдетіп, уақыт пен еңбекті үнемдеуге мүмкіндік берген.

Бұдан бөлек, аудан әкімдігі мен энергетика мамандары газбен қамтылмаған өзге ауылдарды кезең-кезеңімен қосу жоспарын жасауда. Келесі жылы бірнеше елді мекенде құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп, жаңа станцияларды іске қосу көзделген. Бұл өз кезегінде аудан халқының өмір сапасын жақсартып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берері сөзсіз.

Бетті өзірлеген тілші:

Т.ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН



Сырлы күздің сикқыры



ҚАРАША КҮЗ

Қараша, тұман, кара күз, желсіз тыныш,
Маңырайды отарда тоқты, шыбыш,
Қой соңында аспан тұр адаспайды,
Ойы тұнық, қыран күз шатаспайды,
Бір ызғырық қызыл жел, бетті жалап,
Ат жалына еңкейді шопан тарап,
Осындайда көкейге түк қонбайды,
Ерке тұман тұмшалап, ойды тонап,
Бұйыққан ит, теріскен түбін тырнап,
Бөріктей боп дөңгелеп жатты жырғап,
Кенет тұрып, сілкініп, қырға шықты,
Сұрағандай сүйінші құйрық бұлғап,
Зият сезгір адамнан, жануарлар,
Тәулік бұрын қипақтап өзі сайлар,
Араласып ақ тұман, шұғыламен,
Күн көрінді, сыланды сонау заңғар,
Бірін бірі қуалап, ойнақтап жүр,
Жарқын әлем, күн шуақ, еркін аңдар.

Алдаберген ОҢҒАРБАЕВ.



КҮРЕҢ КҮЗ

Күз келді, күйбеңдеген тірі жанға,
Мұрша жоқ өткен күнге бұрыларға.
Жаңа өмір құбылады сағат сайын,
Уақыттың мың қатпарлы сыры барда.

Сыз келді... атырапқа атқа қонып,
Сүмбіле жерді бояп жатқаны анық.
Жер қатса су суиды бүркек күзде,
Мизам шуақ туғанда ақтарылып.

Ызғар түссе тоңдырар тораң белді,
Сағым қыр да сарғайды самал желді.
Бүрсең-бүрсең күншуақ көлеңкесі,
Құс қайтатын сапарға амал келді.

Ай тоғысын бұл айда кім біледі,
Жайлы болсын адамға түн білегі.
Мұздақ жауса мұзбалақ таң атады,
Мұз сүңгілер шатырға түзіледі.

Құт қонады тірлікке қыры барға,
Өмірді сүй, көзіңнің нұры барда.
Қарайғанға қалқа боп қарға адым жер,
Қара суық күз келді тірі жанға.

Өрнегіндей дүние-ай, алашаның,
Шашып жатыр сарқытын тамаша күн.
Қарбаласқан дүние қайнап жатыр,
Құшағында қазан мен қарашаның!

Гүлнар ӨМІРЗАҚОВА.



Мизам шуақ

Сағыныштан сүрленем.
Қуыс дүние күнгір-күнгір етеді.
Сап-сарала келді тағы күз деген,
Сызға оранды гүл – ғаламның етегі.

Саған жетер болмағасын еш айла,
Жапырақтай күренітем күнде мен.
Маған мизам шуағынан не пайда?
Үлбіреген шудасынан мұң көрем.

Біздің көңіл енді қашан жай табар,
Біздің жұлдыз енді қашан туады?
Сол бір жанға осы сырды айта бар,
Мырза күннің қайран мизам шуағы.

Рәтбек САҒИД-УАҺАС.



Жапырақтар

Жапырақтар гүлмісін, елесісін.
Үндемейсін, сен де енді көмескісін.
Ала бұлттар айналып, кара бұлтқа,
Селдетсеңші, үніңді жер естісін,
Төксеңші бір үніңді жел естісін.

Қара нөсер қағынсын,
Құлап ағаш,
Таудың суын ішер ем
Құм аралас.
Өтіргін де қоғамның шын аралас,
Болмысын да өмірдің мұң аралас.

Жапырақтар,
Тапталып табандарда,
Табылады бір сылтау аландарға.
Қоңыр күзді қомсынбай қобырайып,
Қарашада қар тілер жаман қарға.

Сонда сенің қалды ма сиың қалмай,
Бір өкініш жанымды жиырғандай.
Кеше ғана көркі едің түнгі бактың,
Сағағыңнан үзілу қиын қандай.

Роза СЕЙІЛХАН.



ҚҰСТАР ҚАЙТЫП БАРДЫ

Қараңдаршы, құстар қайтып барады,
Қош айтысып жыламсырап жанары.
Көктем әнін, көркем жазын өткізіп,
Қараңдаршы, құстар қайтып барады.

Күз келгенде күрең тартып қабағы,
Жердің жүзі сары түске еніп қалады.
Алақайлап қызықтайды балалар,
Қайтқан құстар арқан жол боп брады.

Байлық келсе несібеге жорыңыз,
Жері дөнге, халық әнге толы күз.
Күз таңымен кеш шапағы нұрына,
Шомылып тұр елімізбен жеріміз.

Табиғатым алтын зермен сызғандай,
Ырысқа толы даламды көр қызғанбай.
Күлкі үйіріліп қазағымның жүзінен,
Көңілі тоқ жомарт шіркін күз қандай?!

Аскар ҚЫЗЫРХАН.



КҮЗ КЕЛДІ МЕ?

Жүрегімде қалғандай ма саз тұнып...
Бар сияқты кеудеде бір олқылық,
Қайта келді өміріме күрең күз,
Қара жолды жапыраққа толтырып...

Гүл жасаушы ем жинап алып дестелеп,
Ойларымды зерлі сөзбен кестелеп.
Қыс пен көктем, жаздан, күзден тұратын,
Жүріп келем ӨМІР деген көшке ере.

Таңғы шықтай мөлдір едім, гүл едім,
Күзгі баққа ғашықтардың бірі едім.
Бұтақтардың мұңайғанын сезбеппін,
Жел ұшырып әкеткенде жүрегім.

Байқамаушы ем мезгіл қалай өткенін,
Тым алыста қалыпты ғой көктемім.
Мойындамай қоюға еш шара жоқ,
Ғұмырымның күзі келіп жеткенін.

Көктем еді, жаз еді деп кім айтар?!
Күз жаңбыры мөлдір емес, мұңайтар.
Жер бетінің тамашасын қысқартар,
Күз келгенге қуанбадым, шын айтам!

...Менікі жай пенделік қой, түсінгін.
Өмір заңы алдында тек кішірдім
Көңіл-күйге сәйкес келіп қалған соң,
Желді күтпей бір жапырақ ұшырадым.

Нәзипа АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ.



АЛТЫН КҮЗ

Бар төңірек алтын нұрмен арайлы,
Сұлулыққа бөлеп жатыр маңайды.
Сары алтындай жапырақтар ерекше,
Алтын күзді кереметке балайды.

Көкте анау бұлттар көшіп тарады,
Күн күркіреп, ақ жауыны жауады.
Төбемізде қанаттары қалықтап,
Жылы жаққа қаздар қайтып барады.

Қоңыр күздің самал желі еседі,
Дымқыл тұман жер бетіне көшеді.
Сағыныштай сап-сары ала күз келіп,
Мынау жерге алтын кілем төседі.

Жапырақтың бар сынды айтар әні,
Тербеледі, теңселіп жайқалады.
Бұтағынан үзіліп түссе - дағы,
Бойынан әдемілік байқалады.

Ағаштарда айтылғандай асқақ ән,
Бар төңірек нұрға ене бастаған.
Көкөністер құлпырып дайындалып,
Жеміс-жидек төгіледі бақшадан.

Ұнатамын осынау қоңыр күзді,
Қоңыр күзде аққулар көлде жүзді,
Күзгі бақ, салқын ауа, самал желі,
Жылы жаздың жап-жасыл жібін үзді.

Жаныма жақын менің күздің өзі.
Бойыма жылу берер күннің көзі.
Суретшінің ерекше өрнегіндей,
Сұлулыққа жол салды күздің ізі.

Балжан ҚАЗАНБАЙҚЫЗЫ.



Үзіліп түсіп жатыр
көктем гүлі

Сары алтын құйылып көктен міне,
Сағыныш саз араласып құстың үні.
Күз салқынын көтермей сырқаттанып,
Үзіліп түсіп жатыр көктем гүлі.

Құс қанаты суылдап салқын сазбен,
Бір сағыныш қоштасты тағы жазбен.
Сары шәлі жамылған бір келіншек,
Сыбырласып барады сары күзбен.

Сары алтынды кешетін күн туғандай,
Сар алтынға атырап жуынғандай,
Сал күренін сабалап сері жігіт,
Шауып барады қасында сары қумай,

Сағыныш саз сағымға қосақталып,
Құстар көшіп барады жасақталып.
Бір суықты сездіріп, жақындатып,
Бұйра бұлттар қалыпты қосақталып.

Суық шалып судағы сүйектенген,
Ойнақ салып құлын-тай қысыр емген.
Сарыала жапырағын төгіп терек,
Сыйдыып бұтақтары бір мұң жеңген.

Ұласпасын сары күз уайымға,
Уақытқа ілесіп жыл ағуда.
Бір суықтың келерін сездіргендей,
Жаңа туған орақ ай құлағанда.

Марат ҚҰРМАНҚҰЛҰЛЫ.



Жапырағын ағаштар
күзге ұрлатқан

Жазды күні желменен сыбдыр қаққан,
Жапырағын ағаштар күзге ұрлатқан.
Алтын жауып аралас суық жауын,
Арша, шырша тамшыдан моншақ таққан.

Дымқыл тұман торлады айналаны,
Көздің алды соқырдай байланады.
Сұрланып ірең берген қоңыр күзде,
Ертең аппақ
Әлемге айналады.

Кәрі құдаң қыс қызын ұзатады,
Ұзатуда көрінер қыс атағы.
Тірліктің құба ниет құла таңы
Көктемге қайта келіп ұласады.

Көктем дейміз, өткен күн жаңғырады.
Табиғаттың шырқалып бағғын әні.
Жасыл шапан жамылып бәрін көріп
Тәкаппар дәуір көрген тау тұрады.

Самат НӘБИ.

ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН ИТ — ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ

Бала күнімізде «Ауылға ит атқыштар келеді екен» деген хабарды естісе, жұрт бос жүрген төбеттерінен бастап, иәуілдек кәнденіне дейін көшеге шығармауға тырысатын. Мойнына көзін ашқалы қарғыбау салынып көрмеген момақан иттің өзін екі-үш күн аула ішінде байлап ұстайтын. Өйткені «ит атқыштар» көшеде бос жүрген ит, мысықты көре қалса, әй-шайға қарамай атып тастайтын. Ал бүгін көше кезіп жүрген ит көп. Иесіз иттен жәбір көрушілер де жетерлік. Мектепке баратын балаға да, жаяу жүргінішілерге зиянын тигізуде.



Бүгінде ауданның әр бұрышынан қаңғыған иттерді күнделікті көріп жүрміз. Жалпы, ұлттық санамыздың әлсіреген тұсын ит пен мысықтың қараусыз қалуынан аңғарамыз. Күннің көзіне арқасын тосып, өзек жалғар өлексе іздеген бұралқылар адамға қауіп төндіруде. Әлеуметтік желіге жүгінесек, аузынан ақ көбік ағып, балаға ұмтылған иттерді де байқауымызға болады. Қазіргі таңда көше жағалаған, коқыс жәшігін паналаған қаңғыбас иттерге байланысты тұрғындардан түсетін де шагым көп. Күздің қарасуығы мен актүтек боранда бір топ азүтістілердің бір отар қойға қаймықпай шабатынын естіп жүрміз. Әріге бармай-ақ, теледидарды қосып, тик-токты аша қалсаңыз, бұған көз жеткізуге болады. Мәселен, быыл 30 мамырда Алматы облысына қарасты Қарасай ауданында 10 жастағы баланы екі қабаған ит талап, ауыр жарақаттаған оқиға әлеуметтік желіде кеңінен тарағаны баршамызға белгілі. Ал бытырт Алматы қаласындағы Шолаққарғалы округіне қарасты Қасымбек ауылында орын алған оқиға әлі де болса елдің есінен кете қойған жоқ. – «Иә, мұндай жағдайлар дәл қазіргі уақытта көбеймесе азаймай тұр. Төрт балам бар. Көшеде қаңғыған иттер толып жүр. Арасында құтырғаны да бар шығар, кім біледі?! Балаларымды сабаққа жіберіп аламын да, «көшедегі көп иттің бірі қауып алмас па екен?», – деп жанымды шүберекке түйіп отырамын. Тіптен қатты қорқатын болдык. Үйдің айналасында да, балалар ойын алаңында да қаңғыбас ит пен мысық көп. Ағаш алып үркітсең, өзіне қарап ырылдап, тістеуге ұмтылады. Адамнан қорықпайды. Жауапты мекеме бұл мәселені қолға алу керек емес пе? Бір тістеген ит, ертең тағы тістейді. Ал ол ит құтырмамен ауырып, ауру тараса не болады?» – дейді Ұзынағаш ауылының тұрғыны Айнур Қойшыбекқызы.

Рас. Қаңғыбас иттер инфекциялық ауруларды тасымалдайды. Иттің иесі болса, ветеринарды шақыртып, тексертуі қажет. Ит асырамасын деген заң жоқ. Бірақ оны сатудың да, серуендетудің де тәртібі мен ережелері бар. Қыдыртқанда тұмылдырығы болуы шарт. Итті күндізгі уақытта бос жіберуге болмайды. Адамдардан алшақ болуы тиіс. Жылына бір рет құтырма ауруына қарсы дәрі егіліп, денсаулығы тексерілуі керек. Алайда осы айтылғандардың көбі жасалмайды. Тексерту, үй ауласында бос жібермеу былай тұрсын, иелері есігінің алдындағы төбеттің қайда жүргеніне мән бермейтін кездер де жиі кездеседі. Таяуда Жамбыл ауданына қарасты Мыңбаев ауылында 80-ге жуық итті бағып отырған ауыл тұрғыны Наталья Сульжикке қатысты ақпарат әлеуметтік желілерде кеңінен тарады. Осыған байланысты округ әкімдігі түсініктеме беріп, жағдайды мәлімдеген болатын.

2025 жылдың 3 сәуірінде Мыңбаев ауылының тұрғындары Жамбыл ауданының прокуратурасына

«Белый Бим» деп аталатын иттер питомнигіне тексеріс жүргізу туралы ұжымдық өтініш жолдаған. Тұрғындар питомниктің өзен маңында орналасқанына алаңдаушылық білдіріп, бұл үй жануарлары мен малдың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін екенін айтқан. Сондай-ақ, ауыл шетінде орналасқан «Дос» атты иттер панасына қатысты санитарлық талаптардың сақталмауы жөнінде де шағым түскен.

18 сәуірдегі өтініш негізінде ауылдық округ әкімдігіне тексеріс жүргізу тапсырылған. Жер қатынастары бөлімінің дерегіінше, «Белый Бим» приюты орналасқан жер учаскесі жеке меншікке тиесілі, жалпы аумағы 5,32 гектар және ол шаруа қожалығын жүргізу мақсатында рәсімделген.

3 қыркүйекте «Аманат» партиясының ұйымдастыруымен ауылдық әкімдікте жиын өтіп, онда аудан әкімінің орынбасары, бөлім басшылары, қоғам белсенділері мен тұрғындар қатысып, «Белый Бим» және «Дос» ит паналарына қатысты мәселелер қаралған. Жиын қорытындысында әкімдік тарапынан Наталья Сульжикке иттерді көшіру үшін басқа жер телімін ұсыну туралы ұсыныс жасалған. Алайда ол ұсыныстан бас тартып, қазіргі жерін өз меншігінде қалдыратынын жеткізген.

Кейін кәсіби медиатор Майра Қадырова «Е-Өтініш» платформасы арқылы ұжымдық арыз жолдап, пананың санитарлық талаптарға сай еместігін және өзенге тым жақын орналасқанын атап өткен. 8 қыркүйекте ауыл әкімдігі ғимаратында «Central Media 24» телеарнасының журналисі Анжела Ким қатысқан кездесу өтіп, әкімдік өкілдері әлеуметтік желілерде тараған жалған ақпараттарға түсініктеме берген екен.

23 қыркүйекте Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Қазыбек Дауталиев бастаған комиссия ит панасына барып, тексеру жүргізген. Комиссия да иттерді басқа жерге көшіру жөнінде ұсыныс жасағанымен, Наталья Сульжик келісім бермеген. Ал 29 қазанда әлеуметтік желіде пананың аумағында болған оқиға жайлы тағы бір жазба жарияланған. Онда приют қызметкерінің соққыға жығылғаны айтылған. Алайда Мәнбаев әкімшілігінің бізге берген дерегіне сүйенсек, пананың аумағы жабық болғандықтан бөгде адамның кіруі мүмкін емес. Қазіргі таңда бұл жағдай учаскелік полиция инспекторларының және округ әкімшілігінің бақылауында екен.

– Дана халқымыз «Ит – жеті қазынаның бірі», – дейді. Алайда біз қастерлеп отырған жануардың жыртқыштық қасиеті бар екенін ұмытқанға ұқсаймыз. Ия, ата-бабамыз бұрын итті аң аулап мал қарауылдау үшін асырағаны анық. Бірақ, қазір қоғамда көше кезіп жүрген қаңғыбас иттердің зияны маңызды мәселеге айналды. Расында, ит пен мысықтан келер қауіп жыл сайын көбеймесе, азаймай тұр. Әсіресе коқыс маңайында жүретін

жабайы жануарлар мектеп қабырғасындағы жасөспірімдердің еркін жүріп тұруына қауіп төндіруде. Алайда осы жағдайдың шиеленісіп жатпауына халқымыздың да үлесі қосылса деген ветеринар мамандардың өзіндік өтініші бар.

– «Бүгінде Жамбыл ауданы бойынша қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары қантар мен желтоқсан айлары аралығында аудандық ветеринария бөлімінің арнайы құрылған бригадасымен жүргізілуде. Аталған жұмыстар Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 18 мамырдағы №162 бұйрығына «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың үлгілік қағидалары» және Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылғы 29 қарашадағы №30-141 шешіміне «Алматы облысының елді мекендерінің аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары» сәйкес атқарылууда.

Аулау жұмыстары жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен интернет арқылы келіп түскен электронды өтініштер негізінде жүзеге асырылады. Жыл басынан бері аудан бойынша 585 өтініш қабылданған, оның ішінде заңды тұлғалардан – 59, жеке тұлғалардан – 440, «Е-өтініш» порталы арқылы – 32, ал «109» байланыс орталығы арқылы – 59 өтініш тіркелген.

Нәтижесінде ауданның 18 ауылдық округі бойынша 1804 бас қаңғыбас ит ауланып, олардың 1752-сінің көзі жойылған, ал 52 итке кастрация және стерилизация жұмыстары жүргізілген. Аудандық денсаулық сақтау ұйымдарының мәліметінше, жыл басынан бері адамдарды ит пен мысықтардың тістеуі мен тырнауы бойынша 212 жедел хабарлама тіркелген. Оның ішінде 189 жағдай итке, 20 жағдай мысыққа, 3 жағдай өзге үй жануарларына қатысты. Осы оқиғалар бойынша 20 жеке тұлғаға ескерту жасалып, 32 азаматқа жалпы сомасы 471 840 теңге (5 АЕК) көлемінде айыппұл салынған. Тістеген жануарлар «Ветеринария туралы» заңның №587 бұйрығына сәйкес 10 күндік бақылауға алынып, қазіргі таңда құтыру белгілері анықталмаған.

Жамбыл ауданының тұрғындарын Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №168 бұйрығына «Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидалары» және Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылғы 29 қарашадағы №30-142 шешіміне сәйкес, үй жануарларын ұстау ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз. Ит пен мысықты сатып алу, сату, басқа тұлғаға беру, сонымен қатар, аудан және қала аумағында және басқада жерлерге тасмалдау үшін құтыру және өзгеде жұқпалы ауруларға қарсы егілгені туралы белгісі бар ветеринариялық анықтамасы немесе паспорт бар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Жеке тұрғын үйлердің аумағында иттердің қашып кетуін, адамдарға немесе жануарларға шабуыл жасауын болдырмау үшін иттерді оқшау аумақта немесе байлап асырау қажет. Егер аумақта ит күзеті бар болса, иттің аумақта бар екендігі туралы үйдің кіреберісіне иттің бейнесі бар «Ит күзетеді! Охраняется собакой!» деген көлемі 20х30 сантиметрден кем емес ескерту тактишасы орнатылғаны жөн.

Қамауда ұсталмаған, қараусыз жүрген ит пен мысықтар ит аулау бригадасы тарапынан ауланып, жойылған жағдайда, олардың тағдыры үшін «Алматы облысы ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК-ның Жамбыл аудандық ветеринария бөлімі жауапкершілікке алынбайды. Азаматтарды жануарларға жауапкершіліктен қарауға және қоғамдық қауіпсіздікті сақтау шараларына бейжай қарамауға шақырамыз», – дейді Жамбыл аудандық ветеринариялық бөлімінің вет-дәрігері Д.Толымбек. Мамандардың айтуынша иттер – өте тез көбейеді екен. Бұл жануарлар 6 айдан 12 жылға дейін балалауға қабілетті. Сондықтан олардың санын азайтпаса, уақыт өте келе қоғамға зиянын тигізуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, тұрғындарға тұтқиылдан тап болып, арсылдап айбат көрсетіп, жарақаттайын жануарларға жауапсыз қарамайық, ардақты ағайын! Себебі, қараусыз қалған ит – қоғамға қауіпті!

Әйгерім ӘБУ
АТАМЕКЕН

Маман кеңесі

Африкалық обасы



Қоздырғышы және берілу жолдары:

- Бұл – РНК-геомды вирус, сыртқы ортаның әсеріне төзімсіз, алайда жәндік вектор организмінде тіршілігін ұзақ сақтай алады;
- Инфекция көзі – вирусты тасымалдаушы жануарлар, соның ішінде зебралар табиғи резервуар болып саналады;
- Берілу жолы – векторлық, яғни қан сорғыш шыбындар арқылы (негізінен Culicoides туысы: C. imicola, C. bolitinos). Тікелей жануардан жануарға берілмейді;

Географиялық таралуына тоқталсақ, ауру Субсахаралық Африкада эндемиялық, бірақ 1987 жылы Испанияда, 1990 жылы Мароккода, 2007 жылы Тайландта, 2020 жылы Оңтүстік-Шығыс Азияда тіркелген жағдайлар оның жаһандық таралу қауіпін жоғары екенін дәлелдеді.

Қазақстанда тіркелмеген, бірақ жылқы импорты, климаттық өзгерістер және векторлардың экжүйеге енуі аурудың пайда болу қауіпін арттырып отыр.

Вирус жәндік сілекейі арқылы теріге енген соң лимфалық жүйеге жетеді, одан соң қан айналым жүйесіне өтіп, қантамыр эндотелийін зақымдайды. Бұл тамыр өткізгіштігінің жоғарылауына, ісінулерге, өкпелік ісіну мен геморрагиялық диатездерге екеледі.

Ауру 4 негізгі формада өтеді:

1. **Өткір өкпелік түрі (перакутты):**
 - Температура 41–42°C;
 - Күшті демігу, мұрыннан көбік бөлінуі;
 - Плевралды жалқық, цианоз;
 - Өлім – 90–95%.
2. **Жүректік түрі (жедел):**
 - Қабақ, мойын, төс маңының ісінуі;
 - Синоз, тахикардия;
 - Өлім – 50–70%.
3. **Аралас түрі:**
 - Өкпелік және жүректік белгілер;
 - Жиі – найзағай жылдамдығымен өлім (70–80%).
4. **Субклиникалық түрі:**
 - Есек, зебраларда – белгілері байқалмайды немесе жеңіл өтеді.

ҚР «Ветеринария туралы» Заңы 10.07.2002 жылғы, №339: 10-бап – карантиндік және аса қауіпті экзотикалық аурулар кезінде төтенше шаралар қолдану көзделеді. ҚР АШМ №7-1/587 бұйрығы 2015 жылғы – АЖО аса қауіпті аурулар тізбесіне енгізілген. ЕАЭО техникалық регламенттері – жануарлар импортына шектеулер көзделген (ТР ТС 035/2014).

Қазақстанда арнайы тіркелген вакцина жоқ. Сондықтан алдын алу шаралары – эпизоотиялық қадағалау мен биоқауіпсіздікке негізделеді:

- Импорттық жылқыларды карантинге қою (14–21 күн), клиникалық бақылау және ПЦР-диагностика;
- Векторларға қарсы шаралар: инсектицидтер, репелленттер, атқораларды дезинфекциялау;
- Қойласыз елдерден жылқы, ұрық, биоматериал әкелуге тыйым салу;
- Қойласыз жағдай анықталған жағдайда – жедел карантин жариялау.

Ауру тіркелген елдерде тірі әлсіретілген вакциналар (мысалы, OBP African Horse Sickness vaccine) қолданылады, бірақ олар серотипке сәйкес және қатаң бақылаумен енгізіледі.

Экономикалық салдары негізінен:

- Жылқы шаруашылығы мен спорттық бағыттарға зиян;
- Импорттық-экспорттық шектеулер;
- Ветеринариялық мәртебе жоғалуы – халықаралық саудада қауіп;
- Ауылдық жерлерде әлеуметтік-экономикалық тұр-ақсыздық тудыруы мүмкін.

Қорыта айтқанда, Африкалық жылқы обасы – қазіргі таңда елімізде тіркелмегенімен, экзотикалық, бірақ әлеуетті қауіпті аурулар қатарында. Оған қарсы күрес – тек ветеринариялық қызметтердің ғана емес, барлық жылқы иелерінің, мал шаруашылығы субъектілерінің және мемлекеттік органдардың бірлескен жауапкершілігі.

Б.ҚАРЫМБАЕВ,
Жамбыл аудандық ветеринариялық бөлімінің эпизоотолог-ветдәрігері.

- Жануарларды серуендеусіз ұстау режиміне қойыңыз;
- Ұсақ кеміргіштер мен қан соратын (бүргелер, кенелер) жәндіктерді жою үшін үнемі шаралар қолданыңыз;
- Жануарларды тамақтандыру үшін тек өнеркәсіптік жемді қолданыңыз, оларды 80°C-тан жоғары температурада термиялық өңдеуден өткізіңіз;
- Аурудың тасымалдаушысы болуы мүмкін жабайы және қаңғыбас жануарлар мен құстардың (қабандар, иттер, мысықтар, қарғалар және басқалар) шошқа фермасының аумағына ену мүмкіндігін болдырмаңыз;
- Шошқа фермасында өңделмеген мүкәмалды пайдаланудың, арнайы өңдеуден өтпеген авто-көліктің аумағына кірудің алдын алыңыз;
- Ветеринардың тексеруіңіз және шошқалардың денсаулығы туралы ветеринариялық органдардың қорытындысынсыз жануарларды соғоға болмайды;
- Жануарларды ықтимал жұқпалы ауруларға (шошқа беттері, классикалық оба және басқалар) қарсы вакцинациялауды ұмытпаңыз, ветеринардың шошқа фермасының мал басын тексеру жоспарын жасаңыз;
- Шошқалардың күтпеген өлімі немесе сою жағдайлары туралы дереу тиісті ветеринариялық органдарға хабарлаңыз.

Шошқалардың мәйіттерін полигондарға тастамаңыз, мұндай әрекеттерге тыйым салынады, өйткені олар Африкалық обаның таралуына әкелуі мүмкін. Есіңізге болсын, карантин ережелерін және шошқа обасымен күресудің басқа да ветеринариялық-санитариялық ережелерін бұзғаны үшін кінәлілер қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жауапқа тартылады.

Жамбыл аудандық ветеринариялық бөлімі.

Шошқа шаруашылығындағы биоқорғаныс ережелері

Классикалық шошқа обасы (ТЖК) – әртүрлі тұқымды және жас топтарындағы шошқалардың қауіпті жоғары жұқпалы вирустық ауруы. Ауру безгегімен, қан айналымы мен қан түзу жүйелерінің зақымдануымен, өкпе мен ішектің қабыну процестерімен сипатталады. Африкалық шошқа обасы (Achs) – өте өткір, жедел, субакуталы, сирек созылмалы ағыммен және үлкен өліммен сипатталатын жұқпалы вирустық ауру. Үй жануарлары мен жабайы шошқалар жасына және тұқымына қарамастан ауырады. ТЖА қоздырғышы-физикалық және химиялық әсерге өте төзімді вирус, шошқалардың мәйіттерінде 10 аптаға дейін, көнде – 5 айға дейін немесе одан да көп, ал топырақта – жылдың маусымына байланысты 4 айдан 5 айға дейін сақталады. Мүздатылған ет, ысталған шұжықта вирус 4 айға дейін сақталады. Шошқаның обасы вирусының енуіне жол бермеу үшін:

1. Шошқаларды ұстаудың зоогигиеналық нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау, шошқалардың аурулары бойынша қойласы аумақтардан жем сатып алу және оларды тамақтандыру алдында термиялық өңдеуді жүргізу;
2. Шошқаларды ұстау, жемшөп сақтау және дайындау орындарын дезинфекциялауды және дезинсекциялауды (сыртқы паразиттерге қарсы өңдеуді) тұрақты жүргізуді қамтамасыз ету;
3. Шаруашылықтың жабық типтегі жұмысын қамтамасыз ету (шошқаларды үйсіз ұстау, оның ішінде шошқалардың басқа жануарлармен – бөтен шошқалармен, және жыртқыш құстармен, ит мысықтармен байланысқа түсуіне жол бермеу), шошқаларды ұстау орындарына бөгде адамдарды жіберуді болдырмау;
4. Жануардың саламаттылығын растайтын ветеринариялық ілеспе құжаттарсыз рұқсат



етілмеген сауда орындарында шошқаларды сатып алмау және мемлекеттік ветеринариялық мекемелерде және ауылдық әкімшіліктерде тіркеу;

5. Ветеринариялық мамандардың шошқаларға толыққанды қызмет көрсетуін қамтамасыз ету (ауруларға қарсы вакцинация жүргізу және қажетті клиникалық зерттеулерді қамтамасыз ету, дене температурасын өлшей отырып, жануарларға ветеринариялық тексеруді кезең-кезеңмен жүзеге асыру, ветеринариялық маманның қатысуымен мамандандырылған сою орындарында нестасою пункттерінде сою жүргізу);

6. Жануарлардың мәйіттерін, оларды күтіп-ұстаудан және қайта өңдеуден шыққан қалдықтарды полигондарға, жол жиектерінде тастамау;

7. Жабайы қабандар мекендейтін орман алқаптары арқылы ағып жатқан шағын өзендерді үй



ЖаSTAR алаңы

Жастарға жол көрсеткен орталық

Жамбыл ауданының жастар ресурстық орталығы 2014 жылдан бері үздіксіз қызмет етіп келеді. Бұл орталық – тек бір мекеме ғана емес, аудан жастарының басын біріктіріп, олардың бастамаларына жол ашқан рухани орта. Орталық құрылған күннен бастап түрлі бағытта жұмыс істеп келеді. Волонтерлік қызметті дамыту, қоғамдық-мәдени, спорттық және салауатты өмір салтын насихаттау, құқық бұзушылықтың алдын алу, патриоттық және психологиялық бағыттағы шараларды ұйымдастыру – олардың күнделікті қызметінің бір бөлігі.

Сонымен қатар, жыл сайын «Жасыл ел» жобасы арқылы маусымдық жұмыспен жастарды қамту дәстүрге айналған. 2025 жылдың өзінде аудан бойынша 14 пен 35 жас аралығындағы 82 жас осы бағдарлама арқылы жұмыспен қамтылды.

Жастар орталығының мамандары үшін бұл тек жұмыс емес – миссия. Себебі жастар – қоғамның қозғаушы күші. Орталық қызметкерлері жастарды дамыту, олардың бойындағы әлеуетті ашу, қоғамға деген көзқарасын қалыптастыру, мемлекеттік бағдарламалармен таныстыру, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету және еріктілікке тарту бағытында аянбай еңбек етуде.

Ауданның барлық жастарын қамту мақсатында 24 ауылдық округте жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушылар жұмыс істейді. Бұл – жастар саясатын

жергілікті деңгейде тиімді жүзеге асырудың бір тетігі.

Осы жылдың өзінде орталық 50-ден астам түрлі іс-шара ұйымдастырды. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы – 12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай өткен «Jastar Fest» мерекелік концерті. Аудан орталығы Ұзынағаш ауылындағы мәдениет үйінің алдында өткен шараға 7000-нан астам адам қатысты. Концертті белгілі тележүргізуші Әлібек Шынтемір мен орталық жетекшісі Балжан Досалы жүргізіп, сахна төрінде қазақ эстрадасының танымал жұлдыздары өнер көрсетті.

Бүгінде жастар орталығының жетекшісі мен ұжымы нақты нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізуде. Себебі, жастар – ел ертеңі, мемлекеттің болашағы. Оларға дұрыс бағыт, дұрыс тәрбие берсек – еліміздің де болашағы жарқын болары сөзсіз.

- Үздік жас журналист
- Үздік жас кәсіпкер
- Үздік жас өнерпаз
- Үздік жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушы
- Үздік жас волонтер
- Үздік жас кәсіптік маман

Қатысушыларға қойылатын талаптар: 14-35 жас аралығындағы (35 жас қоса алғанда) Алматы облысының белсенді жастары;

Мемлекеттік қызмет, медицина, білім, спорт, мәдениет, журналистика, волонтерлік және кәсіпкерлік салаларының өкілдері;

Өз саласында жетістікке жеткен, облыстық, республикалық немесе халықаралық байқаулардың жеңімпаздары;

Қоғамдық өмірге белсенді қатысып жүрген, көшбасшы, креативті ойлайтын жастар.

Өз салаңда жарқырап жүрген болсаң дәл қазір мүмкіндігінді жіберіп алма!

«Заңғар – 2025» сыйлығы еңбегің мен жетістігіңнің нағыз бағаланатын сәті.

Жамбыл аудандық Жастар ресурстық орталығы.



«Алғашқы жұмыс орны» жобасы

Жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оларды қажетті еңбек дағдылары мен бірінші жұмыс орнында олар алған кәсіп (мамандық) бойынша немесе ұқсас кәсіп (мамандық) бойынша құрылады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру бірінші рет жұмыс іздеп жүрген жұмыссыз түлектерге, 35 жасқа аспаған жастар, жұмыс тәжірибесі жоқтар қатарынан жүзеге асырылады.

Оқу орындарының түлектері үшін «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс орындары олар алған кәсіп (мамандық) бойынша немесе ұқсас кәсіп (мамандық) бойынша құрылады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс беруші еңбек мобильділігі орталығымен келісім негізінде қатысушыны кемінде 18 ай мерзімге жұмысқа орналастырады.

Жергілікті бюджеттен ай сайынғы субсидия мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақыны және банктік қызметтерді қосқанда), экологиялық төлемдер үшін төлемдерді қоспағанда.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысу үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығына өтінішпен жүгінуі керек. Өтінішке мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

- Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);
- Білім туралы құжат (бар болса).

Жоба жастардың кәсіби әлеуетін дамытуға, олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына және тұрақты табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы арқылы жастар еңбек тәжірибесін жинақтап қана қоймай, өз мамандығының қыр-сырын іс жүзінде меңгеріп, жұмыс дағдыларын жетілдіреді. Бұл өз кезегінде олардың болашақта тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Сонымен қатар, бағдарлама жұмыс берушілер үшін де тиімді. Себебі мемлекет тарапынан субсидиялау арқылы жас мамандарды қабылдау шығындары азайып, кадр тапшылығын толықтыруға мүмкіндік туады. Ал жас қызметкерлер өз еңбегі мен қабілетін дәлелдеу арқылы тұрақты жұмыс орнын сақтап қалуға, әрі қарай кәсіби өсуге жол ашады. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы – жастарды еңбекке бейімдеудің және олардың қоғамдағы белсенділігін арттырудың маңызды тетігі болып отыр.

Қоғамдық тыңдау

«Витапром» ЖШС: Ластаушы заттардың жол берілетін шығарындыларының нормативтері, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, «Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шолаққарғалы ауылдық округіне қарасты, Қасымбек ауылы, Қасымбек өндірістік кооперативі, №27 жер учаскесі мекенжайындағы қалдықтарды қалғаңу бойынша өндірістік базаны салу» жұмыс жобасының қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау келесі мекенжай мен уақыт бойынша өтеді: 2025 жылғы 25 желтоқсан күні сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы (Жамбыл ауданының әкімшілік орталығы), Сүйінбай көшесі № 30а/1.

Географиялық координаттары: 43°17'53.6"CE 76°29'31.2"ШБ.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады.

Онлайн қатысу үшін <https://us05web.zoom.us/j/85040511162?pwd=ClgpZYFf79SOGKduqShfGA6e078VAQ.1> сілтемесі бойынша өтініз.

Конференция идентификаторы: 850 4051 1162 Кіру коды: 3REQ4T

Бастамашы туралы мәліметтер: «Витапром» ЖШС, (БСН 201140015035), Алматы облысы, Қаскелен қаласы, Наурызбай көшесі, 10/1. Байланыс телефоны: +7-701-717-15-01, Нимлюстов А.П.

Жоба авторлары туралы мәліметтер: «Audit Ecology» ЖШС, (БСН 180840031539), Ақтөбе қаласы, Маресьева көшесі № 77, пәтер. 3, жалғасы. Байланыс телефоны: 8 (7132) 55-06-08 Алманиязов Г.И.

ҚО және ТРҰДБ веб-сайтына және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Сұрақтар бойынша байланыс ақпараты: vita.prom@mail.ru, б.т.: 8-707-403-01-31

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электронды түрде Алматы облысы бойынша ТР және ТРПБ, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі № 12 мекенжайы бойынша қабылданады. Байланыс телефоны 8 (7277) 22-32-27, e-mail: priroda_alm@bk.ru

Общественные слушания

ТОО «ВитаПром», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам: Нормативы допустимых выбросов загрязняющих веществ, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий, Раздел охраны окружающей среды к рабочему проекту «Строительство производственной базы по утилизации отходов по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Шолаққарғалинский сельский округ, село Касымбек, производственный кооператив Касымбек, земельный участок №27».

Общественные слушания состоятся: 25 декабря 2025 г. в 11:00 ч. по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш (административный центр Жамбылского района), улица Суюнбая 30а/1.

Географические координаты: 43°17'53.6"C 76°29'31.2"В.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн на платформе ZOOM. Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке <https://us05web.zoom.us/j/85040511162?pwd=ClgpZYFf79SOGKduqShfGA6e078VAQ.1>

Идентификатор конференции: 850 4051 1162 Код доступа: 3REQ4T

Реквизиты Инициатора: ТОО «Витапром», БИН 201140015035, Алматинская область, г.Каскелен, ул.Наурызбай д.10/1 конт. +7-701-717-1501, Нимлюстов А.П.

Реквизиты составителей проекта: ТОО «Audit Ecology», БИН180840031539, г.Ақтөбе, ул. Маресьева, 77, кв. 3, конт. 8 (7132) 55-06-08 Алманиязов Г.И.

Ссылка на сайт НБД СОС и ПР и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Контактные данные для вопросов: vita.prom@mail.ru, тел: 8-707-403-01-31

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: УПР и ПР Алматинской области, город Конаев, ул.Құрылысшы, 12 тел.:8 (7277) 22-32-27, e-mail: priroda_alm@bk.ru

Қоғамдық тыңдау

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, «Шолпан – Карғалинское» кен орнында орналасқан «Алматы Бетон LTD» ЖШС құм-киршық тас қоспасын өндіруге арналған карьерлері бар ұсақтау және іріктеу қондырғылары арналған «Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» бойынша қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 18 желтоқсан күні сағат 11:30-да Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Гагарин көшесі № 1 үй мекежайының әкімшілік аумағында өтеді.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zaZFqcHZORC82eHVvak-Jrdz09&omn=74717967351>

Конференция идентификаторы: 399 091 9748, кіру коды: 8888

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Алматы Бетон LTD» ЖШС (БСН 170240006950), Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Қарғалы ауылы Маметова көшесі № 18 «Б», кв. 39 пәтер, тел. +77017366027.

«Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» жобасын әзірлеуші:«Пориком фирмасы» ЖШС (БСН 931040000540), Алматы қаласы, 1-ш/а, 66 «Б» үйі,т.е. 3а, 5-көнесе. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен эл.мекенжай: e-mail: porikom2024@gmail.com. Байланыс телефоны: +77017227234.

Жоба материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сонымен бірге Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында мына сілтеме бойынша; <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> танысуға болады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайты және ЖАО prigoda_alm@bk.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.

Общественные слушания

Общественные слушания по проекту «Нормативов допустимых выбросов» для Дробильно-сортировочные установки с карьерами по добыче песчано-гравийной смеси ТОО «Алматы Бетон LTD» расположенной в Алматинской области, Жамбылском районе, в Карғалинском сельском округе, на месторождении «Шолпан – Карғалинское», будут проводиться 18.12.2025 г. в 11.30, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Карғалы, ул. Гагарина д.1 на территории акимата.

Ссылка на онлайн-конференцию <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zaZFqcHZORC82eHVvak-Jrdz09&omn=74717967351>

Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алматы Бетон LTD» БИН 170240006950, Алматинская область, Жамбылский район, Карғалинский сельский округ, село Карғалы, ул.Маметова,18б, кв. 39, тел. +77017366027.

Разработчик проекта «Нормативов допустимых выбросов» – ТОО «Фирма Пориком» БИН 931040000540, г. Алматы, мкр. 1, дом 66Б, н.п.3а, офис 5. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке; <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>, замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также по электронной почте MIO_priroda_alm@bk.ru



Жерлестеріміз Азияны бағындырды

Біздің ауылдың жас спортшы қыздары – 2012 жылдың 29 маусымында дүниеге келген Болат Әмина Медетқызы және 2012 жылдың 17 тамызында туған Кемал Аяжан Қайратқызы – Мыңбаев ауылында тұрып, осы ауылдағы орта мектепте білім алады. Екеуі де сабақ үлгерімі мен тәртібі жағынан үздік оқушылардың қатарында.

Бос уақыттарын тиімді өткізіп, спортпен шұғылданатын бұл қыздар мектептен тыс уақытта қаратэ секциясына қатысады. Оларды жаттықтырып жүрген – Спорт мектебінің тәжірибелі бапкері Асубаев Досан, қазіргі таңда Мыңбаев ауылындағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт кешенінде балалармен тұрақты түрде жаттығу өткізеді.

Жаттығу кезінде қыздар ерекше табандылық, төзім және мақсатқа жету қасиеттерін көрсетті. Сол еңбектің нәтижесінде жақында Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында өз жас санаттары бойынша чемпион атанды.


Бұл додаға ауылымыздан барлығы 5 спортшы қатысқан. Атап айтсақ, олардың төртеуі – Мыңбаев орта мектебінің, ал біреуі – Қасымбек орта мектебінің оқушысы.

Қыздардың жеңісі ауыл жұртшылығын ерекше қуанышқа бөледі. Жас чемпиондардың табысына олардың ата-аналарының да еңбегі зор. Болат Әминаның анасы Касабекова Эльмира мен Кемал Аяжанның анасы Бочарова Кристина – қыздарының спорттағы әрбір жетістігін қолдап, үлкен демеу көрсетіп жүрген жандар. Жас спортышларымыздың жеңісі назардан тыс қалмады. Мыңбаев ауылдық округінің әкімі Темірлан Елдесұлы жеңімпаздарды арнайы қабылдап, құттықтау сөзін айтып, марапаттарын табыстады.

Бұл жеңіс – ауыл спортының дамып келе жатқанын және жас буынның үлкен мақсаттарға жете алатынын дәлелдейді.

Мыңбаев орта мектебі мен ауыл тұрғындары өз чемпиондарын шын жүректен құттықтап, алдағы уақытта тек биік белестерді бағындыруларына тілектестік білдіреді.

Жұлдыз ӨМІРЗАҚ,
Мыңбаев ауылдық округінің жастар нұсқаушысы.



Құттықтаймыз!



Құрметті **Лидя Саденкызы!** Сізді 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмір жолыңыздың үлкен бөлігі білім беру саласымен, шәкірт тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты.

Сіз ұзақ жылдар бойы Қарғалы ауылындағы Өсет Бейсеуов атындағы орта мектепте математика пәнінен сабақ беріп, талай ұл мен қызға өмірлік бағыт-бағдар, білім мен тәрбие беріп келесіз.

Ұстаздық мәртебелі мамандық. Осы жылдар ішінде Сіз өз ісіңізге адал, шәкіртке мейірімді, әріптеске сыйлы, талапшыл да парасатты ұстаз ретінде танылдыңыз. Білім мен тәрбие саласына қосқан сүбелі үлесіңіз ұжым мен ауылдастарыңыздың зор құрметіне бөленіп отыр.

Сіздің еңбекқорлығыңыз бен адамгер-шілік болмысыңыз, сабырлы мінезіңіз әріптестеріңізге әрдайым үлгі. Ұзақ жылдар бойғы еңбегіңіздің жемісін көріп, ұл-қыздарыңыздың қуанышын қызықтап, немере-шөбере сүйіп, ұрпағыңыздың ортасында аман-есен жүре беріңіз!

Сізге мықты денсаулық, бақыт пен береке, отбасылық амандық тілейміз! Әр күніңіз шаттыққа, әр сәтіңіз қуанышқа толы болсын!

Отбасыңызға орнай берсін шаттық күн, Бойыңызда білім күшін тасыттын. Алпыс жастың қуанышын бөлісіп, Шуағына бөленіңіз ортамызда бақыттың.

Құтты болсын құрметті әріптес алпысың, Шәкірт тәрбиелеуге арналыпты бар күшің. Өмір тойыңыз жылда жақсылықпен

жалғасып, Көңіліңіз әсем әнмен шалқысын!

Ізгі тілекпен: Өсет Бейсеуов атындағы орта мектебінің ұжымы мен әріптестері.

Ұзынағаш ауылының тұрғыны, біздің құрметті, асыл жар, асқар таудай әкеміз, немерелерінің ардақты атасы

Жұмаш РЫСКЕЛДІҮЛЫН

10 қараша күні – 63

жасқа толатын

мерейтойымен

шын жүректен

құттықтаймыз!

Өмір жолыңыз

– ерлік пен еңбектің, парасат пен төзімділіктің

жарқын үлгісі. Сіз ел тыныштығы мен бейбіт өмір

үшін от кешкен, ерлік пен батырлықтың символына

айналған Ауған соғысының ардагерісіз. Еліңізге,

туған жеріңізге адал қызмет етіп келесіз.

Бүгінде ауылының абыройлы тұрғыны,

ағайын-туысқа қадірлі, ұрпағына үлгі болып

отырған ардақты әке, қамқор атасыз. Сіздің

өміріңіздегі парасаттылық, кенейіл мінез және

еңбексүйгіш қасиетіңіз – балаларыңыз бен

немерелеріңізге әрдайым үлгі-өнеге.

Жасыңыз құтты болып, жүрегіңіз

қуанышқа, отбасыңыз берекеге толы болсын!

Немерелеріңіздің күлкісі мен балаларыңыздың

қуанышы өміріңізді нұрға бөлеп, жанұяңыздың

шаттығы мен ырысы арта берсін.

Ел үшін еңбек еттің, аяныбадың, Сол жолдың бар бақытын баяндадың. Жарқырап, ұл-қыздарың –

жұлдыздарың, Алпысқа аппақ айдай аялдадың. Немерен топтан озып, бәйге алғанда, Шөберен аспандағы айды алғанда. Тағы да дүркіретіп той жасармыз, Өзіңіз абыз шалға айналғанда.

Ізгі тілекпен: **зайыбы – Алмагүл, балалары, қыздары, күйеубаласы және немерелері.**

Ел шебін қорғаған ерлер еңбегі

Бүгінде еліміздің мемлекеттік шекарасын күзету ісі ерекше назарда. Ел аумағының тұтастығын, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әрбір шекарашының басты борышы. Осы бағытта Қарасай ауданына қарасты Қастек шекара бөлімшесі өз міндетін абыроймен атқарып, шекара күзетін күшейтілген режимде жүргізіп келеді.

Соңғы бір айда бөлімшесі наряды мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен болған бірнеше әрекеттің жолын кесті. Қызмет барысында 5 рет шекара бұзу дерегі тіркеліп, олардың қатарында малды заңсыз өткізуге талпыныс жасаған жағдайлар да болды. Ұсталған азаматтар заң талаптарына сай өкмілшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылып, тиісті айыппұлдар төледі.

Қастек шекара бөлімшесінің басшылығы ауылдық округтер мен шаруа қожалықтарының иелеріне малды қатаң бақылауда ұстауды ескертеді. Себебі соңғы уақытта көршілес аймақтарда мал ұрлығы жиілеп, кейбір шекара маңында тіркеліп отыр.

Қастек шекара бөлімшесі тұрғындарды кез келген құқық бұзушылыққа бей-жай қарамауға, күдікті жағдай байқалған сәтте шекара қызметіне немесе өкмілдікке дереу хабар беруге шақырады.

Шекарашылардың қырағылығы мен адалдығының арқасында Жамбыл ауданы шекара аймағында тұрақтылық пен тәртіп сақталып отыр. Олардың күнделікті еңбегі – ел тыныштығы мен бейбіт өмірдің берік қалқаны.

Елнар ЖҰМАҚАДЫР,

Қарасай ауданына қарасты «Қастек» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, аға лейтенант.

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор
Айнабекова М.Б.

Бас редактор
Өйгерім ӨБҮ

Дизайнерлер
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова

Ата дініміз Исламның дамуы мен адам жүрегінен орын алуы күнбе-күн күшейіп, халықтың діни танымы, нанымы орнығып келеді. Бұл рухани сауаттылыққа жол ашудың негізі десе болады. Ел ішінде ата-бабаларымыздың өткен өмір жолына зерттеу жасап, өткен ғасырлардың өзінде асыл дінімізге деген құрметі жайлы тарихи жайларға маңыз беруі ерекше екені даусыз. Сондықтан болар, Ислам дінінің негізін Құран мен Хадис құраса, оны басшылыққа алған көпшілік діни сауатын, құлшылығын байытуға ден қойды. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бізге қалдырған өсиеттері акқикатшылдығымен, өміршендігімен, мағынасының тереңдігімен, шыншылдығымен жүректерге сәуле түсіріп, салмақты ой мен ізгі істерге бағыт сілтеуде.

«Алла Тағала қайда болсаңдар да сендермен бірге. Расында, Алла тағала не істеп, не қойып жатқандарыңды көріп байқаушы» деген Хадис



сүресінде: «біздің тура жолды ұстануымызды, жаман әдеттен бойымызды, санамызды таза ұстауды ерекше еске салады, ескертеді. Біз пенде осыны білеміз бе, өмірімізде қолданып, қорғана аламыз ба» деген заңды сұрақ жайлы ойлауымыз аса қажеттігін түсінеміз.

Ертеде адамдардың діни сауаттылығы соншалықты терең болмаса да бір Аллаға құлшылық жасап, бес уақыт намазын қаза етпейтіндер болды және тақуалыққа, сабырға келгені анық. Осы сөзіміздің дәлелі – бұдан 1843-1928 жылдары өмір сүрген Тышқанбай Бөкбасаров баба жайлы айтылған дерек пен дәйек тікелей дәлел болады. Бабамыз Шапырашты тайпасынан тарайтын Есқожаның кіші баласы Шуаштың ұлы Таңатар бидің

Тегіне тартқан тұлға

Қажы, абыз баба Таңатар бидің ұрпағы жайлы



ұрпағы. Таңатар би Шуашұлы – ру басы, қазақтың белгілі бии, беделді тұлғасы, батыры болғанын тарихтан білеміз.

Таңатар баба XVII ғасырда Жетісуда өмір сүріп, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ұзақ жылғы қанды қырғында жан аямай елді жаудан қорғаған данқты батыр екені белгілі. Ойы ұшқыр, айналадағы бар істің шешімін тереңнен зерделеп, даулы мәселелерді қанағаттандырып, жер дауына да нүкте қойған мәмілегер болған. «Тура биден туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген даналықты ту еткен Таңатар бидің ұрпақтары да әрдайым жақсы істермен дараланып келеді.

Өңіміненің әлқиссасында айтылған Тышқанбай бабамыз тегіне тартып туған тұлға деуге әбден болады. Ел ішіндегі жағдайды саралап, имандылық жолында жүргендіктен Меккеге үш мәрте барып, Алланың алдындағы мұсылмандық парызын өтеген, дейді білетіндер. Хадисте «Аллахтың үйін зират етуге шамасы жететін әрбір адам үшін қажылыққа бару оның мойнындағы Аллахтың хақысы», делінген. Демек, бабамыз осы міндетті түсінген және орындауды өзіне ерекше мақсат ретінде қабылдаған. Иманды, ел ішінде қадірі асқан, әрі бақуатты жанның өмірден өткеніне ғасырдан астам уақыт өтсе де, ұрпақтары ұлықтап, біраз жақсы істің тиянағын келтіріп жүргені қуантады.

Саурық батыр ауылының тұрғыны Сағынтай Омарұлы бізбен әңгімесінде:

«Балбөбек» бөбекжайында «Жомарт күз» жәрмеңкесі өтті

Күз – молшылық пен берекенің, еңбектің және қамқорлықтың мезгілі. Осы орайда Жамбыл ауданына қарасты Беріктас ауылында орналасқан «Балбөбек» бөбекжайында тәрбиеленушілер мен ата-аналар және педагогтер қауымы бірігіп, алғаш рет қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді. 6 топтың тәрбиеленушілері мен ата-аналары, сондай-ақ бөбекжай ұжымы бірлесе ұйымдастырған «Жомарт күз» атты жәрмеңке көңілді де, тәрбиелік мәні зор бастама болды.

Бұл мерекелік іс-шараның басты мақсаты – балалардың еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру, ата-аналар мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты арттыру, сондай-ақ ұлттық дәстүрімізге мәдениет пен сыйластық рухын дәріптеу болды.

Жәрмеңке барысында әр топ өз шығармашылығын танытып, алуан түрлі өнімдерден түрлі тағамдар ұсынды. Үстелдерге күздің жемісі мен берекесі қатар жайқалды: дәмі тіл үйірет тосаптар, балғын шырындар, түрлі тәттілер, тоқаштар, балғын көкөністер, үйде әзірленген бәліштер мен қолдан жасалған бұйымдар көпшіліктің көңілінен шықты. Тәрбиешілер ата-аналардың өз қолдарымен дайындаған тағамдары мен өнімдерін үстелдерге сәндеп қойып, сатып алушылармен қуана тілдесіп отырды. Іс-шара соңында бөбекжайымыздың басшысы Ардақ Тұрғыбекқызы ата-аналарға, ұйымдастырушылар мен шараға атсалысқан барлық жандарға шын жүректен алғысын білдіріп, олардың белсенділігі мен ынтымақтастығына жоғары баға берді. Ол өз сөзінде: «Бүгінгі жәрмеңке – біздің ұйымшылдығымыздың, бірлігіміздің айғағы болып отыр. Әрбір топ, әрбір ата-ана өз үлесін қосып, балаларымызға қуаныш сыйлап отырсыздар. Мұндай шаралар



арқылы біз кішкентайларымызға еңбектің қадірін, бірліктің мәнін ұғындыратынымыз хақ. Сіздерге алғысым шексіз», – деді.

Аталмыш шара барысында бүлдіршіндеріміз шағын мерекелік концерт ұйымдастырды. Көңілді әндер шырқалып, балалардың орындауындағы өлеңдер мен тақпақтар жәрмеңкенің сәнін келтіргендей болды. Күздің сары түстеріне бөленген бөбекжай ауласы шат күлкі мен жылы жүздерге толды. Ал бүлдіршіндер болса, өз өнерлерін мақтанышпен ұсынып, жәрмеңкенің шырайын кіргізді.

Жиналған қонақтар мен ата-аналар «Балбөбек» бөбекжайының ұжымына ризашылықтарын білдіріп, мұндай игі дәстүрдің жалғаса беруін тіледі. Жәрмеңке соңында түскен қаражат бөбекжайдағы әрбір топтың өзінің дамуы мен балалардың шығармашылық іс-шараларын қолдауға бағытталатын болады. Күздің берекесін, мейірім мен бірлікті ұштастырған бұл шара «Балбөбек» бөбекжайының өміріндегі жарқын сәттердің бірі болды.

Жумагуль СУЛЕЙМЕН,
КМҚК «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі.

ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын және тазалаймын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады. **Тел: 87474606295 Дәурен.**

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрілігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Күәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru

• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 40 (2445)

• Индекс – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.

• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.

• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.

• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.

• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.

• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.

Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».

НАСЛЕДСТВО

*** Открылась наследственная масса после смерти Жунусовой Сақыпжамал Нурахметовны, 11 мая 1953 года рождения, умершей 27 июня 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурык батыра 183 «А», до 27 декабря 2025 года.

*** Открылась наследственная масса после смерти Кудикова Медетхана Алихановича, 27 января 1953 года рождения, умершего 25 октября 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурык батыра 183 «А», до 25 апреля 2026 года.

*** Открылась наследственная масса на имущество после смерти Оразбаева Айдар Елюбаевича, 27 июля 1971 года рождения, умершего 25 сентября 2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул. Караш батыра 115 «А».

*** Открылась наследственная масса на имущество после смерти Ефименко Александра Макаровича, 10 ноября 1950 года рождения, умершего 15 октября 2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул. Караш батыра 115 «А».

*** Открылась наследственная масса на имущество после смерти Аринова Ниматулла, 20 декабря 1938 года рождения, умершего 16 июня 2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Караш батыра 115 «А».

*** Открылась наследственная масса после смерти Амиржанова Айдар Сагымхановича, 27 июня 1967 года рождения, умершего 14 июля 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурык батыра 183 «А», до 14 января 2026 года.

*** Открылась наследственная масса после смерти Набиева Бедельхана Арифовича, 23 марта 1958 года рождения, умершего 11 июля 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Маласовой Ботагоз Намиене, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул. Мажитова 12.